



Кәкімжан БИШМАНОВ, Қазақстандағы лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығының директоры, профессор:

«ТЕРРОРИСТЕР МЕН ЭКСТРЕМИСТЕРДІҢ БӘРІ ДІН ЖОЛЫНДА ЖҮРГЕНДЕР ДЕУ ҚАТЕ»

5-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№6 (3434) 21 қаңтар 2022



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

🔍 БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«...БЕРЕКЕНЕҢ КЕТСЕ НЕҢ ҚАЛААР?!»



Тарихымызға «қанды қаңтар» атымен енген дүрбелеңде Алматы қаласындағы, еліміздің бірқатар аймақтарындағы стратегиялық және кәсіпкерлік нысандар үлкен зардап шекті. Олардың кейбірі өртелсе, кейбірінің есік-терезесі бұзылып, қиратылып, тоналды. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартады» дегендей лаңкестер әсем қаламыздың әр жерінде лаң салып жатқанда, ниеті бұзық, қолының сұғанағы бар кейбір замандастарымыз бұл сәтті құр жібермеді. Жанармай бекеттерін, дүкендер мен банкілерді тонады. «Бір күнгі керістің қырық күнгі кесірі боладының» кері келді.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



ТАҢБАЛАУ ТӨЛЕМІ НЕГЕ ЖЕКЕНІҢ ҚАЛТАСЫНА ТҮСЕДІ?

4-бет



ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТЫЛСЫМ ТҮН

8-бет

🔍 МӘСЕЛЕ

АРЗАН ПОЛИЦИЯ ҚОҒАМҒА ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде: «Бүгін, сол қаралы күндер артта қалған кезде, Ішкі істер министрлігінің арнайы жасақтарының террористік агрессияның бетін қайтарудағы ерлігін атап өткім келеді. ...Бірақ бәрі бірдей өзінің борышына адалдық танытқан жоқ. ...Құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу қажет. ...Полицейлердің құқықтық қорғалуын арттыру. Билік өкілдеріне шабуыл жасау мен заңға бағынбайтындар үшін жауапкершілікті күшейту қажет», - деді.

Шындығында Мемлекет басшысы аңғарғандай тәуелсіздік жылдарында құқық қорғау саласында аз реформа жасалмады. Бірақ бастаманың бәрі саланы жандандыруға, құқық қорғаушыларға деген құрмет пен сенімді нығайтуға қызмет етті дей алмаймыз. Саладағы кемшіліктерді осы ортада еңбек етіп жүрген жандардан артық ешкім білмейді. Мәселен, Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңында құқық қорғау қызметкерлерінің құқығы шектеулі. Көрші Ресей Федерациясының «Полиция туралы» заңының 24-бабында «Қаруланған полиция қызметкерінің жеке қауіпсіздік кепілдіктері» деген құқықтық норма бар. Онда заңда көзделген жағдайлар туындайтын болса, полиция қызметкері атыс қаруын қолдануға құқылы.

Ал біздің заңда мұндай кепілдік қарастырылмаған. Заңдық тұрғыдан да, құрылым тарапынан да қолдау болмаған соң полиция қызметкерлері өз бетінше шешім қабылдауға, батыл қадам жасауға дәрменсіз. Оның үстіне, қызмет барысында әрекеті сыналпып, көпшілік талқысына түскен қызметкерлерін қорғап, ақтап алмақ түгілі, басшылардың «алдын ала» жұмыстан шығарып, «керексіз» адамнан бас тартатынын талай көріп жүрміз. Осыдан кейін полиция қызметкерлерінен үлкен ерлік күту, жоғары рух дәмету қиынсыз.

«Ішкі істер органдары туралы» заңның 4-бабының 1-тармағында «Қазақстан халқына қызмет ететін полиция» деп жазылған. Яғни, билікке, белгілі бір топтарға емес, қарапайым халыққа қызмет ететін полиция. Сол себепті де ең бірінші кезекте қоғамның полицияға деген сенімін арттыру қажет. Неге? Өйткені, осындай қысылтаянда көзсіз ерлікке баратындар – полиция қызметкерлері. Осы заңның 19-бабының 3-тармағында: «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жеке адамдардың құқықтарын уақытша шектейтін әрекеттері «заң атымен» деген сөздерді айта отырып жасалады. Әрбір адам мұндай жағдайда белсенді әрекетін тоқтатып, ішкі істер органдары қызметкерінің талаптарына мүлтіксіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті» деп тайға таңба басқандай жазылған. Яғни, «заң атымен» деген сөздерді естіген азамат полицияға сөзсіз бағынуы керек. Ал кешегі жаппай бұзақылық пен тәртіпсіздік кезінде осы «сөзсіз бағынудың» көрінісін көре алдық па? Жоқ! Керісінше, полиция қызметкерлерін қорлап, соққыға жыққанын көрдік.

(Соңы 4-бетте)

🔍 МІНБЕР

СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ



Алехо ВИДАЛ-КУАДРАС, Еуропарламенттің бұрынғы вице-президенті, Каталония халық партиясының бұрынғы төрағасы:

«Қазақстан – Еуропалық одақтың сенімді серіктесі»

Қазақстанда 2 қаңтарда басталған бейбіт шерудің соңы қантөгіс, қарулы қақтығысқа ұласты. Бұл оқиға әлем назарын өзіне аударды.

(Соңы 2-бетте)

МИНБЕР

ЛЕБІЗ

СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әдетте жақсы жаңалықтан гөрі, жағымсыз жаңалық тез тарайды. 1991 жылы тәуелсіздігін алған, оған дейін орыс империясының құрамына кірген, бұрынғы КСРО-ның құрамында болған мұнай мен газға, алтын, алюминий, уран, хром, молибден, никель, кобальт және басқа да табиғи ресурстарға бай ұланғайыр елге испандықтар да таңданыспен қарады. Күткендей, Қазақстанда болып жатқан қайғылы оқиғалардың себеп-салдарын түсіндіруге бағытталған талдаулар біздің дереккөздерімізде де көбейіп кетті. Олардың қатарында бұрынғы Испан сыртқы істер министрінің «кауесеттерге ергенше үндемеген дұрыс» деген сөзі кең ауқымды түсіндірме.

Мен Еуропарламенттің вице-президенті болған он бес жыл ішінде Қазақстанға екі рет келдім және содан бері соңғы отыз жыл ішінде материалдық, мәдени, әлеуметтік және саяси жетістіктері айтарлықтай дамыған халықпен тығыз қарым-қатынаста болдым. Қазақстанның жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі он төрт есеге өскенін айтсақ та жеткілікті. Елге 370 миллиард доллар көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Барлық деңгейде білім беру-де айтарлықтай жетістіктерге жетті және Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингінде жағдайымыз орынға ие болды. Халық ең көп қоныстанған Алматы қаласы қарқынды қаржылық және коммерциялық орталық болып табылады. Ал жаңа елорда модернизацияның елеулі күш-жігері, жақсы талғам, шекті сән-салтанат пен эстетикалық тепе-теңдік арқылы жоқтан құрылған сәулет пен ландшафттық жағайыптың жемісі. Мен астана университетінде оқыған лекциямды ыстық сезіммен еске аламын, онда менің баяндамадан кейінгі кең әрі қызу пікірталасқа қатысқан жүздеген студенттің дайындықтары мен ағылшын тілін тамаша қолданыстары мені таң қалдырды. Осындай деңгей біздің мемлекеттік жоғары оқу орындарында болғанын қалаймын.

Қазақстанның тағы бір назар аударарлық ерекшелігі – әртүрлі діни конфессиялардың, бір көшеде православ шіркеуі, католиктік шіркеу, синагоганың немесе мешіттің алдында серуендеуге болатын ашық және толерантты жағдайдағы діннің толық еркіндігі аясында үлгілі қатар өмір сүруі. Дүниежүзінің көптеген елдерінде бұрын-соңды болмаған жайт – діндарлар құрмет пен келісімде өмір сүреді. Бұл жағымды қасиет институционалдық, әлеуметтік және саяси деңгейде Үкімет пен Президент Назарбаев тарапынан мұқият насихатталды.

Қазақстанда жүзден астам адам қаза тапқан, мыңнан астам адам жарақат алған, әкімшілік ғимараттар қираған, әуежайға шабуылдар жасалған әлеуметтік құрылымдағы елеулі өзгерістерге қарап бұны азаматтардың стихиялық наразылығы ретінде басталды деу шындыққа келіңкіремейді. Елдің батыс өңірлерінде сұйытылған табиғи газдың қымбаттауына арналған шерулер бейбіт өтті. Үкімет бұл мәселеде дереу әрекет етті, бірақ өз қызметтерінен босатылды. Бұл жағдайды көлеңкеде дайындалған, нағыз төңкеріс жасау мүмкіндігін күтіп отырған диверсиялық топтар пайдаланды. Мұны Алматыдағы Қасиетті Троица епархиясының епископы отандасымыз Хосе Луис Мумбиела өз резиденциясының терезесінен зомбылықтарды көріп, орын алған жайтқа баға беру барысында оларды наразылық емес, қарулы шабуыл ретінде сипаттады. Оқиғаға кімнің жауапты екені әлі белгісіз болса да, барлау қызметінің басшысы мен басқа да жоғары лауазымды шенеуніктердің қамауға алынып, тергеу басталғаны жақын арада бұл істің жай-жапсарын ашатын болады.

Қалай болғанда да, бұл ішкі құбылыс және институционалдық құрылымның құлдырамағанын және Президент Қ.Тоқаев пен биліктің дер кезінде, салмақты және батыл реакция жасай алғанының арқасында қазақстандықтарға, қоғамға тыныштық пен бейбіт өмір қайта оралды. Президент Қ.Тоқаевтың ҰҚШҰ мүшелерінен, Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан және Тәжікстаннан көмек сұрауы өте орынды болды. Көршілердің көмегісіз мұндай ереуіл бүкіл аймақты тұрақсыздандырып, Қазақстанды одан әрі ойран мен азаматтық соғысқа батырар еді. Ресей өзінің гегемониясын көрсету үшін Қазақстанда қалғу құлшынысы бар деген пікір тағы бір негізсіз қиял болып табылады. Іс жүзінде ҰҚШҰ контингентін шығару тез арада аяқталды.

Ал, әзірше Орталық Азиядағы сыртқы сауданың 50%-ы және инвестицияның 48%-ы негізінде және басқа да бағдарламалармен мүдделес ЕО Қазақстанмен белсенді ынтымақтасуы керек. Біздің елдің, еуропалықтардың, Азиядағы шынайы, болашағы зор серіктесі ол – Қазақстан. Осыны ұмытпай, Қазақстан бізге қандай сүйіспеншілікпен, ілтипатпен, құрметпен қараса, біз де оған солай қарайық.



Метте КОНГСХЕМ,
*Норвегияның ЕҚЫҰ жанындағы
бұрынғы елшісі:*

«СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ ҚАНА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗЕДІ»

Норвегияның ЕҚЫҰ жанындағы, одан кейін Орталық Азиядағы бұрынғы елшісі ретінде

Қазақстанның дамуын бақылап отыруға мүмкіншілігім болды. Менің бірнеше мақалам арқылы қазақстандықтарды норвегтердің азшылығы білетін, білсе де көбінесе үстірт танытын, сондықтан бұл мемлекетке назар аударуға ұмтылған болатынмын. Бұлардың қатарына БАҚ та кіреді. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздікке ие болған Қазақстан Орталық Азияның басқа да төрт республикасынан гөрі күрделі саяси, экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға тап болған мемлекеттердің бірі.

Өткен отыз жыл ішінде даму жоғарыдан төмен түсті. Демократиялық институттар мен басқару жүйелерін құру уақытты талап етеді және бұндай даму әрдайым сәтті бола бермейді. Геосаяси тұрғыдан өте осал аймақта тұрақтылықты қамтамасыз ету мен елдің егемендігін нығайтуға барынша назар аударылады. Бұндай жағдайда, сөз еркіндігі мен адам құқықтарын сақтау алдыңғы орында болуы керек. Экономикалық даму елде орта класты қалыптастырды, бірақ елдің мол ресурстарының елге әділ бөлінбеуі мұнда да наразылықты күшейтті. Ал халық арасындағы тұрмысы нашар, кедей топтардағы адамдар бұл мәселеде билікке бұрыннан наразы болып жүрген. Элитаның мұндай аражігіне шыдау қарапайым халық үшін бұдан ары мүмкін болмай кетті.

Біз бұл елдің отыз жылдағы жолын, оның осы уақыт аралығындағы қол жеткізген жетістіктерін ескере отырып, оларға құрмет көрсетуіміз қажет. Иә, тамыр-таныстықпен жең ұшынан жалғасушылық, жемқорлық артуда. Өкінішке қарай, бұл жағдай тек Қазақстанға ғана тән емес. Мұны біз өзге елдерде, соның ішінде Батыста да көріп жүрміз. Бай болуды білетін элита барлық жерде бар.

Біз Қазақстандағы қудалау мәселесіне араласамыз ба, әлде қарапайым халықтың демократиялық прогреске қол жеткізу жолындағы ізденісіне тілектеспіз бе? Мұндай жолда кімге болса да батылдық керек. Себебі, бәріміз Қазақстанның беделді болғанын қалаймыз, солай емес пе?

Мен Қазақстанның норвегиялық және халықаралық қауымдастықтардың, өзге де ниеттес елдердің арқасында әртүрлі сын-қатерлерден өте алатынына сенгім келеді. Бұған жеткізетін жол қарамен бояуды емес, сыни және сындарлы диалогты талап етеді.

Бірнеше жыл бұрын Баудан басшыларының бірі халық алдында есеп беріп тұрып, «Мың өліп, мың тірілген қазақпыз» – дегенде ауыл ақсақалы «Қазақ мың өлсе сен секілді надан басшылардың кесірінен мың өлген, тірілсе өзі тірілген» – деп айтқан еді.

Әрбіріміз отбасымызға, әулетімізге, мемлекеттік қызметкерлерге, ауыл, ауданға – басшымыз. Ендеше, елімізде орын алып отырған келеңсіздікке басшы ретінде барлығымыз жауаптымыз.

Бір кездері «Шаншар» әзіл-сықақ театры ауыл туралы әзілдерінің бірінде «әндердің барлығы ауылдан алу, беруді ешкім жазбайды» деген. Ойлы адамға бұл шынымен өткір мәселе. «Шыққан жеріміз ауылға әрқайсысымыз шынымен не беріп жүрміз?» – деп ойланайық.

Қаңтардағы қайғылы оқиға кемеңнің үстіндегі бай-манап, оқымыстылардың мысалына келеді. Онда – «...кеменің астында отырған кембағалдар су ішеміз, таза ауа жұтамыз деп сыртқа шықпақшы болады. Бірақ үстіндегілер оларды шығармағандықтан су ішу үшін олар амал жоқ, кемеңнің түбін теседі де, бәрі суға кетеді». Бүгінгі ахуалда осымен дөп келеді.

Білімді, қаражаты бар азаматтар жетім, жесірдің ақысын беріп жүр ме? Неге соңғы жылдары қайыр сұрайтындар көбейді, көшеге неге наразы топтар жиі шығады? Осы сұраққа ойландық па? Мұны қалай шешеміз?

Қоғамның рухани азғындауы халық үлгі алатын, дұрыс жолға бастайтын адамдардың болмауынан орын алады, сондықтан бүліктер шығып, халықтың несібесі азаяды.

Аудан көлемінде адамдар Жаңаөзен халқына қосылып, митингке шығамыз деп жиналғанда араларында елдің тыныштығын бұзатын теріс пиғылдылар

«ҚАҢТАР ҚЫРҒЫНЫ» БАРШАМЫЗҒА САБАҚ БОЛДЫ

болды. Аудан басшылары, ақсақалдар, имамдар, соғыс көрген ардагерлер, қайырымдылық қорларды басқарып жүрген азаматтар оларға басу айтып, берекеге шақырды. Ел билеу – елді қанау емес, елді ақылмен басқару, жоқты барды елмен бірге өткеру, бір-біріне кешірімді болуға, қайырымды, жомарт болуға үндеу.

Жоғарғы Соттың ұсынысымен қабылданған «Медиация» заңы осы талаптарға сәйкес келеді, сондықтан жергілікті атқарушы билік осы заң талаптарына сәйкес әр ауылдан, көшеден, подъездерден озық ойлы азаматтарды тартып, билікке араластырса, дауларды дер кезінде шешіп отырса қоғамдық үйлесім табылар еді.

Адамдар арасында келісім, мәміле, үйлесімділік табылғанда сотта даулар сауапты, бейбіт жолмен жүргізілетін еді. Мысалы, ілгеріде өмір сүрген аталарымыз жерді жалға алып, сол жерден табылған алтынды жер иесіне бергенде соңғылар оны алмайтынын айтып дауласқан. Бүгінгі күнде қарыз алған адам «талап қою мерзімі өтіп кетті, қолхатың жоқ» – деген негіздермен дауды өршітіп, соңынан «әділ шешім шықпады» – деп арызданғысы келіп тұрады. Әділ қоғам болса әділ сот актілері шығатыны даусыз. Тараптардың екі жағы да дау бітсін деп емес, өз пайдасын ойлап дауласқанда оны шешу қиын.

Қайғылы оқиға орын алды, тыныштық орнады, бұл әрбір басшыға берілген сабақ. Отбасымызды, әулетімізді, ауыл, аудан, елді түзейік. Бір Президенттің мойнына бүкіл жауапкершілікті жүктеп қарап отырмайық.

Әрбір отбасында бүлікке қатысқан адам қайтыс болса жаназасы шығарылмайтыны, бүлінгеннен бүлдіргі

алынбауы тиіс екені ескертілуі тиіс.

Қаңтар оқиғасына қатысқан да, қайтыс болғандар да қазақтар (өзге ұлт не орыс тілділер емес), олар ауылдық жерлердікі болғандықтан бұзылған құқықтарын тез арада қалпына келтіру керек. Олар еңбек ақыны қалада тұратындардан кем алмауға тиіс. Әлеуметтік көмек барлық мұқтаж адамдарға берілгені дұрыс.

Ауыл әкімдерінің қызметтерін барынша жандандыру қажет. Себебі, ауыл әкімдері дауды шешетін барлық мамандармен, қоғамдық ұйымдармен қамтамасыз етілген. Әкімдер мемлекет тапсырған міндеттерді мүлтіксіз орындаса ол ауылдан ешқандай дау шықпайды. Бұл талаптардың барлығын тез арада орындауға олардың бәрінде толық мүмкіншілік бар. Мақтаарал ауданында бұл бағытта жұмыстар атқарылып жатыр.

Бұл оқиғаға дейінде аудан әкімінің бастамасымен үлкен-кіші Мақтаарал баспана қорына, мұқтаж отбасыларға арналған азық-түлік бұрышына, мешіттерге садақаларды бірнеше жылдан бері үзбей беріп тұрғандықтан да болар ауданымыз тыныштық, береке-бірлікте өмір сүріп жатыр.

Конституциямыздың бірінші бабында көрсетілгендей, мемлекетіміздің байлығы саналатын адамдардың өмірі мен денсаулығы, олардың құқықтары екенін естен шығарсақ мемлекеттігімізден айырыламыз.

Бір адам түзелсе, қоғам жақсарайды, бірнеше адам түзелсе қоғам гүлденеді. Елдің күші – бірлікте.

Қ.МҰСАЕВ,
Мақтаарал аудандық сотының төрағасы,
Ауғанстан соғысы ардагері
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

КЕСЕЛ

НАШАҚОРЛЫҚ ҚҰРДЫМҒА БАТЫРАДЫ



Нашақорлық – әлемді алаңдатып Нотырған өзекті мәселенің бірі. Есті алатын есірткі заттарына тәуелділік талай жанның тағдырын талқан еткенін тәжірибеден көріп, біліп жүрміз. Өкініштісі, нашаға әуестенген бір адамның сауалы бүкіл отбасына, жақындарына теріс әсер етеді.

Есірткі заттарын әуелі қызығушылық үшін қолданып отырғандар көп. Бұған ғаламтордағы ақпараттың ашықтығы, топтық психология, еліктеушіліктің ықпалы орасан зор. Білместікпен, әрі «дәмін көрейін» деген әуестікпен жаңа дүниені тұтығандардың тәуелділікке бірте-бірте таңылуы оп-оңай. Алайда, олар бұл қызығушылықтың салдарын ойлай бермейді. Шындығында есірткінің үнемі, тұрақты түрде қолдану көп қаржыны қажет етеді. Қолында қаражаты жоқтардың алдымен өз отбасындағы жарамды, құнды

заттарды саудалап, кейіннен қылмысқа баруы жиі кездеседі. Яғни, бір қылмыс екінші қылмысты тудырады.

Дамыған елдердің барлығында нашақорлыққа қарсы іс-шаралар тұрақты қолға алынып, есірткі саудалаушыларға, таратушыларға жаза барынша қатаңдатылған. Біздің елімізде де есірткі саудасына қатысы барларға берілетін жаза жеңіл емес. Қылмыстық кодекстің 297-бабында «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» әрекетін жасағандарға жаза белгіленген. Соған сәйкес, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындап, қайта өңдеп, иемденіп, сақтап, тасымалдап, оларды жөнелтіп, өткізгендер мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған дәл осы іс-әрекеттер үшін айыпты жанның мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы беріледі. Ал осы қылмысты адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы; бірнеше рет; лауазымды адам қызмет бабын пайдалана отырып жасаған жағдайда, сондай-ақ, электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы; қоғамдық орында жасалған іс-әрекеттер үшін жаза тіпті қатаң. Ол үшін айыптылар мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Осыдан көріп тұрғанымыздай есірткі заттарын қолданып, сатып, тасымалдаушыларға жаза ауыр. Бірақ солай екен деп есірткіден бас тартып жатқандар көп дей алмаймыз. Азаматтардың бірі есірткі үшін ұрлық жасап, кісі тонап түрмеге тоғытылып жатса, енді бірі ақша үшін нашақорларға есірткі заттарын саудалап, заңды белден басуда. Әсіресе, білместікпен есірткі заттарын тасымалдап, бас бостандығынан айырылған жастарға жанын ауырады. Колледж, университет студенттерінің осындай жеңіл табысқа үйір болуы елдегі сақандару, түсіндіру шаралары әлі де болса жетілдіріліп, қатайту керектігін алға шығарады.

Есірткі заттарын тасымалдап, жеткізіп берген жастар «ешкімге зиянымыз жоқ, нашақорлар бәрібір өзіне керегін тауып алады, ендеше неге жазалануымыз керек» деп қате ойлайды. Жалпы, заңды білмеу жазадан құтқармайды. Ал нашаны саудалаушылар жойылса, нашақорлар да емделуге, тәуелділіктен арылуға күш салар еді. Осыған орай, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде нашаны тұтынуың ғана емес, есірткі заттарын тасымалдап, сатып, сақтаудың да соңы жауаптылыққа соқтыратынын үнемі түсіндіріп, ескертіп отыру маңызды.

С. БАЙБОЛОВ,
Жетісу аудандық №2 сотының төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ел иілігіне келтірілген зардаптың құны қай жағынан да ауыр. Қаржылық шығынның сыртында бұл сол ұйымдардың жұмысына, оларда жұмыс істеп, нәпақасын айырып жүрген қауымның әлеуметтік жағдайына да ізін салатыны анық.

Бүгінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлерден тәртіпсіздіктер кезінде келтірілген залал туралы деректерді қабылдап жатыр. 2022 жылғы 14 қаңтардағы жағдай бойынша еліміздің 9 өңірінде 2164 объектіде орналасқан 1823 бизнес нысанының зардап шеккені анықталды. Мұнда, әсіресе, арман қала, тәуелсіздіктің алтын бесігі – Алматы шаһарына тиген соққы ауыр болды. Жалпы, ел аумағындағы бизнес нысандарына келген зардаптың 90 пайызға жуығы осы мегаполиске тиесілі. Мәселен, Алматыдағы 1876 объектіде орналасқан 1573 бизнес құрылымы тоналған, кейбірі қарақшылық шабуылға ұшыраған. Зардап шеккен кәсіпкерлердің көбінің ісі микро (675) және шағын (914) кәсіпкерлікке жатады екен. Олардың ішінде сауда саласындағы бизнес құрылымдары бойынша – 1640, қоғамдық тамақтану бойынша – 58, қаржы секторы бойынша – 86, логистика бойынша – 34, бұқаралық ақпарат құралдары бойынша – 5 құрылым бар. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсынып отырған мәліметінен білгеніміз, шығынның бүгінге дейінгі белгілі болған жалпы сомасы 93,7 млрд теңгеден асты.

Үкіметтің алғашқы отырысында қаралған мәселелер осы болды. Бүгінде бұл шығынды өтеудің нақты тетігі айқындалды. Кәсіпкердің жылжымайтын мүлігіне, жабдықтырына және тоналған тауарлары бойынша залал көлемі есептеліп, негізінен мемлекет тарапынан өтелетін болды. Бұл үшін кәсіпкер InfoKazakhstan арқылы шығынды өтеу туралы өтінім беруі керек. Ол бірінші әкімдік, мәслихат, өңірлік кәсіпкерлер палатасының және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құрылған аймақтық комиссияға қаралады. Бұл ұйым осы өтініш негізінде шығынды бюджеттен өтеу туралы шешім шығарады. Қаражат содан соң ғана кәсіпкердің шотына аударылады. Тәртіпсіздік салдарынан шығынға батқан кәсіпкерлер өтінімді эзир бере алмайды. Өйткені, келтірілген залалды өтеу тетігі нақты бекітілген жоқ. Ол тауа күндері жасалып, қабылданады.

Сонымен қатар, бизнес өкілдерінің жақында құрған «Күшіміз бірлікте» қоры да бүлік кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерге көмектесетіндерін жеткізді. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы азаматтарды кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсетуге шақырып, оларға банк реквизиттерін ұсынып жатыр.

Ендігі міндет халықтың жұмыс орны, күн көрісі болып отырған бизнес нысандарын қалпына келтіріп, олардың шығынын өтеу. Осы тұрғыда біз әңгімеге тартқан қаржы сарапшыларының пікірі бұл шараның елдің экономикасы, халықтың бақауатты тірлігі үшін маңызын ұғындыра түседі. Мәселен, **экономист Бауыржан Ысқақов** бұл жағдайдың кәсіпкерлердің қателігінен емес, форс-мажорлық жағдайдан туындап отырған қиындық екенін атап көрсет-

кен еді. Ақиқатында елдік тәуекелділік орын алды. Сондықтан оның айтуынша, кәсіпкерлерге қолдау жасау керек. Өйткені, олар қаншама қаражатын салып, көбі банкідерден несие алып, жеке

Белгілі **қаржы сарапшысы Мақсат Халықтың** пікірі де осы мазмұнда өрбіді. Мақсат мырзаның айтуынша, көмек банктер немесе оператор арқылы емес тікелей көрсетілуі керек. Бұл оның

жылдамдығын арттырады. Ал, оның аталмыш ұйымдар арқылы жасалуы бұл үрдісті ұзаққа созып жіберуі әбден мүмкін. Ұлттық қордың қаражатын тартудың жөні болмас, ол біздің келер ұрпаққа арналған жинап отырған ақшамыз ғой. Бұл шарада «Қазақстан халқына» атты қорды пайдалану өте

дұрыс шығар. Толық болмаса да, бұл белгілі деңгейде кәсіпкерлерге келген шығынның ауқымын болжауға мүмкіндік берер. Ал жалпы көрсетілген көмек ашық жүзеге асу керек. Ол үшін арнайы сайт құрылып, сонда қорға түскен қаржының оның қайда жұмсалғанын, жалпы қай кәсіпкерге қанша көмек берілгенінің есебі көрсетіліп отырғаны дұрыс. Бұл орын алуы мүмкін бармақ басты көз қысты әрекеттің, қаржының қымқырылуының алдын алуға белгілі деңгейде мүмкіндік береді. Қоғамдық тұрғыда бұған бақылау жасалуы керек. Жалпы, осы көмекпен кәсіпкерлер аяққа тұрып кетеді деп айту қиын. Қазір олар көп табысынан айырылып отыр. Сондықтан айналымдағы қаражатын арттыруға субсидия берілу керек шығар немесе арзан несие қарастырылып, оңайлатылған жолмен ұсынылуы керек.

Токетерін айтқанда, кәсіпкерлерге көмек жасауға қатысты оның ашықтығын, жеделдігін, әділдігін талап ететін мәселе ауқымы кең. Олардың тиімді шешілуі тек шағын және орта бизнестің ғана емес, тұтас экономикамыздың даму деңгейін айқындайды. Өйткені, бұл сектор – еліміздегі миллиондаған тұрғындарды жұмыспен қамтып, ішкі жалпы өнімнің белгілі деңгейдегі өсімін қамтамасыз етіп, бюджеттің кірісін арттырып отырған экономиканың маңызды буыны. Сондықтан түсіністік танытып, қолдау құзырлы орындардың ғана емес, еліміздің қалыптасуына мүдделі әрбір азаматтың парызы десек артық айтқандық емес. «Бетеге кетсе – бел қалады, бектер кетсе – ел қалады, берекең кетсе нең қалады?!» дегендей осы бір сын сәтте ынтымақта болу өсер елдің баласына тән ақыл-парасатымыздың деңгейін көрсетсе керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

«...БЕРЕКЕҢ КЕТСЕ НЕҢ ҚАЛАДЫ?!»



тиімді болады. Сонымен қатар, үкіметтің осындай төтенше жағдайлар үшін сақтап отырған арнайы резервтік қорының қаржысы бар. Оның көмегімен де кәсіпкерлердің біраз шығынын толтыруға болады.

Қазір халықта «Қазақстан халқы» қорына қатысты сенімсіздік бар. Сонымен қатар, қоғам кәсіпкерлерге көмектің де дұрыс жасалмайтынына, бөлінген қаржының қолды болуы мүмкіндігіне алаңдаулы. Жалпы, шығынның дұрыс есептелмеуіне қатысты да күмән туындап жатыр. Мұның бәрін негізсіз деп айта алмаймыз. Бұл орынды. Өйткені, талай қорлардың жұмысы көз алдымызда құлады, көбінің қаржысы ұрланды, басшылары шетелге қашты. Талай бағдарлама бөлінген ақшаның талан-таражға түсуі салдарынан ақырына жетпеді. Жалпы, сыбайлас жемқорлық қай саланың болмасын жұмысын ақсатып тұр ғой. Сондықтан көршінің үйінде болған өртке бас үйітіп алу сынды пиғылға, яғни, осы қиын жағдайдан пайда көздеуге жол бермеу қажет. Бұл үшін алдымен кәсіпкерлердің шығындары дұрыс есептелуі керек. Бұл ретте олардың табыс салығына назар аударған

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ НАҚТЫ КӨМЕК КЕРЕК

Осы сәрсенбиде өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Ақ жол» фракциясының атынан депутат Ерлік Өміргали Премьер-Министр Әліхан Смайыловқа сауал жолдап, қаңтар басындағы дүрбелеңде кәсіпкерлерге келген шығын жайлы мәселе көтерді. Бұл ретте ол Алсер, Белый Ветер, Sulpak, Mi.com.kz, Satel және тағы басқа дүкендердің дәлелді мәліметтер базасының болғанына орай банкіден алған несиелерін қалай жабатындарына, салықты қалай төлеп, жеткізушілерге ақысын қалай өтейтіндіктеріне алаңдаулы. Сауда-көңіл көтеру орталықтарының, жылжымайтын мүлік иелері және оларды жалға алушылар қысқа мерзімде өздерінің кәсіпкерлік қызметін қалпына келтіргісі келеді. Алайда, электр қабелдері мен су құбырлары сынды бүлінген инфрақұрылымды қалпына келтіру өте қиын болып отыр. Алдын ала жасалған есептеулер бойынша шығын құны жүз мыңнан бастап, миллиард теңгеге дейін жетті. Көптеген кәсіпкерлер үшін бұл дүрбелең салдарынан жоғалтқандары банкроттыққа тең және алдағы уақытта өмір бойы қарызға жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Қазіргі сәтте оларға қандай да бір сараптама және әрекеттің жоспары түсінік жоқ. Ал өтіп жатқан әрбір күн кәсіпкерлер үшін жаңа шығынды арттыра түседі. Бұл азаматтардың мемлекетпен қарамастан кәсіпкерлер не істерін білмейді. Көптеген кәсіпкерлер келісім міндеттемелерімен, төлем шарттарымен байланысқан. Олар ұрланған тауарлар үшін қалай төлем жасауды білмей дал.

Бұл күндері шығын жайлы мәліметтерді ғана жинап отырған «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына наразылық көп. Оларды палатасыз да кәсіпкерлік басқармалары мен құқық қорғау органдары жинап жатыр. Азаматтық кодекс талаптарына сәйкес ақша міндеттемесін жүктемейтін форс-мажор туралы анықтама береді. Кәсіпкерлерге қазір керегі мұндай анықтама емес, сақтандыру компанияларының сылтау ойлап таппай, ішкі түрде бизнеске көмек көрсету қажеттігі жөнінде талап керек. Олар не үшін сақтандыруды сатып алды? Үкіметке де талап тұрасынан қойылу керек. Қауіпсіздік үшін қашанда мемлекет жасауға береді. Бұл азаматтардың мемлекетпен қоғамдық келісімінің негізі. Тек салық қана емес, мемлекеттік органдардың назардан тыс қалдыруы салдарынан болған өзге де мәселелердің шешілуіне көмектесу керек. Иә, банктер несиелердің уақытында төленбеуіне байланысты төтенше жағдай кезінде айыппұл қоспайтыны жайлы хабарлады. Бұл уақыт бітті. Бірақ бизнес әлі қалыпқа келе бастамады және қираған нысандардың әлі табысы жоқ. Сондықтан Қаржы мониторингі бойынша агенттік барлық банктерге қарыздарды төлеуді 90 күнге дейін заңды тұлғалармен қатар жеке тұлғалар үшін де кейінге қалдыру керек. Оларға осы кезеңде ғымараттарын жөндеп, табыстарын қалпына келтіруге мүмкіндік берілуі тиіс. Салыққа да осындай жеңілдік жасалу қажет. Жөндеу жұмыстарына субсидия берілу керек. Бас прокуратура мен Қаржы нарығын реттеу агенттігі сақтандыру төлемдерін жасаудан бас тартып жатқан компанияларынан кәсіпкерлерді қорғауы тиіс.

Дайындаған А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА

ОҢ ҚАДАМ

ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕ БАНКТЕР БЕЛСЕНДІ

Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетовтың сөзіне қарағанда, мегаполистегі 1940 нысанда зардап шеккен 1585 бизнес субъектісінің шығыны 94,5 млрд теңге болды.

Олардың басым бөлігі Алматы, Өуезов және Бостандық аудандарында орналасқан. Осыған қарамастан экономиканың негізгі қозғаушы күшінің бірі саналатын қаржы секторындағы екінші деңгейлі банктер елдегі қалыптасқан ахуалды реттеуде де көшбасшылық рөлін сақтап қалды. Олар жаппай тәртіпсіздік салдарынан зардап шеккен калалар мен елді мекендерді қалпына келтіруге белсенді түрде қағысуда. Соның ішінде төтенше жағдай кезінде қарыздар бойынша берешекті өтеу

мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлдар мен айыппұлдарды алып тастаудан бөлек, зардап шеккен кәсіпкерлер мен халыққа да материалдық көмек көрсетуде.

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының хабарлауынша, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына Kaspi.kz компаниясының негізін қалаушылар 10 млрд теңге берді. Бұған дейін бұл қаржы институты бірнеше қалалардағы құқық қорғау органдарына көшелерді патрульдеу үшін 9 броньды инкассатор машинасын берген болатын. Nalyk Bank – зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлерге көмек көрсетуге, сондай-ақ, қираған нысандарды қалпына келтіруге және басқа да шұғыл міндеттерге 3 млрд теңге бағыттады. Сонымен қатар, қаза тапқан құқық қорғау органдары мен арнайы қызметкерлерінің отбасыларына 5 млн теңгеден бөлі. Сбербанк – Алматы қаласына

көмекке қаржылай 550 млн теңге бөліп, медициналық мекемелерге 10 жаңа реанимобиль сыйға тартты. Олар тәртіпсіздік кезінде жойылған жедел жәрдем көліктері тапшылығының орнын толтыруға көмектеседі. Бұл банк сондай-ақ, қаланың қажеттіліктеріне тағы 10 жеңіл автокөлік беріп, Ұлттық кітапхана мен Орталық мемлекеттік музейдің ғымараттарын жөндеп, оларды қайта пайдалануға беруге де көмектеспек. ЦентрКредит банк те қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқандардың отбасыларына 1 млн теңгеден материалдық көмек жібермек. Олар ашқан қайырымдылық алым зардап шеккендер мен ШОБ субъектілеріне көмек көрсетуге бағытталатын болады.

Бұған дейін төтенше жағдай кезінде жіберілген айыппұлдар мен өсімпұлдарды жою туралы шешімдері, хабарландырулар 13 банктің интернет-сайтында жарияланған еді. Сондай-ақ, Kaspi.kz, Jusan, ЦентрКредит, Альфа-Банк Қазақстан,

Altyn, ВТБ (Қазақстан) банктері қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқандардың отбасыларына қолданыстағы кредиттерді өтейтінін мәлімдеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның банк секторындағы ойыншылар саны – 22. Екінші деңгейлі бұл банктердің 14-і шетелдіктердің қатысуымен қызмет жасайды. Былтырғы жылдың басында елдегі екінші деңгейлі банктердің саны 26 болған еді. Олардың ішінен AsiaCredit Bank, Capital Bank Kazakhstan және Пакистан ұлттық банкінің Қазақстандағы еншілес банкі өз жұмысын тоқтатты. Ал еліміздегі ең алғашқы қаржы институттарының бірі саналатын АТФ банк болса Jusan Bankке қосылды. Осыған қарамастан 2021 жылғы республикадағы банктердің бір де бірінің несиелік рейтингі төмендемей, ол керісінше көпшілігінде өсті. Елдегі және әлемдегі дағдарыс жағдайына қарамастан олардың активі 18 пайызға немесе 38 трлн теңгеге жуық көбейген. Ал негізгі капиталының жеткілікті коэффициенті (к1) 20 пайыздан, жеке капиталының жеткіліктілігі коэффициенті (к2) 33 пайыздан асты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ДЕПУТАТ БАҒАНЫ



Дания ЕСПАЕВА,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

ТАҢБАЛАУ ТӨЛЕМІ НЕГЕ ЖЕКЕНІҢ ҚАЛТАСЫНА ТҮСЕДІ?

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 11 қаңтардағы Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде «РОП» (өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері) операторы компаниясының қызметі сыңға ұшыраған болатын. Әрі осы жекеменшік компанияның қызметін тоқтату туралы тікелей тапсырма берілді, әрі ең бастысы, кәдеге жарату алымын жинау жөніндегі функцияларды мемлекет орындауға тиіс екені атап көрсетілді.

«Ақ жол» ҚДП фракциясы бұл шешімді толық қолдайды. Біздің фракциямыз осыдан үш жыл бұрын, яғни 2017 жылғы 20 қыркүйекте Премьер-Министрдің атына жолданған депутаттық сауалында РОП операторының құқықтық мәртебесі және ол жинайтын ақша қаражатының мәртебесі туралы мәселені көтерген болатын. Біз, шын мәнінде, бұл салық екенін атап көрсеткен едік, бірақ нәтижесінде екі түсініксіз, аталған салыққа жекеменшік тәртіппен әрі бюджетті айналып өтіп иелік етіп келді. Біз РОП операторын құру кезінде акционер Үкімет болуға тиіс деген мәселені көтердік. Өкінішке қарай, сол кезде біздің сөзімізге ешкім құлақ аспаған еді.

Бүгін біз тауарларды міндетті таңбалау мәселесін көтеруге мәжбүрміз. «Ақ жол» фракциясының депутаттары 2018 жылы Тауарларды таңбалау туралы келісімнің ратификациялануын қолдамады. Сонымен қатар, біз Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының алаңында таңбалауға жататын тауарлар тізбесін негізсіз кеңейтуді қайта қарау талабымен Үкіметтің атына екі рет хат жолдадық. Тауарларды таңбалауды, шын мәнінде, халықаралық практикада қолданылатындай, көлеңкелі, заңсыз тауарлармен күресу тетігі ретінде акцизделетін тауарлар тобы үшін ғана қолдану керек екенін атап өттік.

«Ақ жол» фракциясы міндетті таңбалауды енгізу тұтыну тауарлары мен тамақ өнімдерінің қымбаттауына алып келетініне, бизнес үшін есептілікте елеулі проблемалар туғызылатынына Үкіметтің назарын аударған болатын. Шенеуніктер «бұл болмайды» деп сендірген, бірақ өткен жылы пилоттық жоба таңбалаудың енгізілуі сүт өнімдерінің 35 пайызға қымбаттауына алып келгенін көрсетті. Соның нәтижесінде олар одан бас тартты. Бірақ аяқ киім үшін таңбалауды енгізді, содан көптеген аяқ киім дүкендерінің жұмысының тоқтап қалу қаупі төніп тұр, кәсіпкерлер бағаның 20-25 пайызға өскенін айтып отыр, бұл жалпы инфляцияға үлесін қосуда. Басқа тауарлар үшін де таңбалауды енгізу кезекте тұр: мәселен, Үкіметтің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі №568 қаулысына сәйкес тоқыма өніміне, су мен сусындарға, дәрілік заттарға таңбалауды енгізу мерзімдері белгіленген. Кезекте басқа да өнімдер бар.

Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылғы 19 мамырда Президент Қ. Тоқаев Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында тауарларды міндетті таңбалауды енгізуді кейінге қалдыруды және бұл мәселені анағұрлым мұқият зерделеуді ұсынған болатын. Алайда, Үкімет оны енгізуді жалғастыруда. Сонымен бірге, мемлекет енгізетін кез келген міндетті төлемдер өзінің табиғаты бойынша салық деп есептелуге тиіс. Мысалы, алкоголь мен темекі өнімдеріне арналған дәл сол акциздік маркалар да нарықтың ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясы мемлекет атынан енгізілетін міндетті төлемдер, яғни, салықтар нәтижесінде жекеменшік компанияға – таңбалау операторына түседі деген сұрақты қайтадан көтеруге мәжбүр. Мәселен, тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторы болып 49 пайыз жекеменшік құрылымдарға тиесілі «Қазақтелефон» акционерлік қоғамы айқындалған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Ақ жол» ҚДП фракциясы ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссияға таңбалауға жататын тауарлар тізбесін кеңейтуді тоқтата тұру туралы ұсыныс енгізді.

КӨЗҚАРАС

КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ!

«Бетеге кетсе – бел қалар, бектер кетсе – ел қалар, берекең бар. Күні кеше орын алған «Қаңтар қақтығысы» осы бір қанатты сөздің шындығын баршамызға мойындатқандай. Айрандай ұйыған бейбіт еліміз дәл осы сындарлы шақта тыныштық пен татулықтың бағасын бағамдап, бірлік пен ынтымақтың қадірін терең түйсінді.

Қанша жерден теріс ниеттілер ел ішіне сына қағып, ел бүтіндігіне нұқсан келтіруге тырысқанымен, Мемлекет басшысының маңайына топтасқан халық бұл қиындықты да жеңе білді. Ұлт қауіпсіздігіне қатер төндірген, елдің берекесін ұшырып, үрей құшағында қалдырған қаралы күндер артта қалды. «Күшіміздің бірлікте» екенінің нақты дәлелі осы болса керек. Соның арқасында бейбіт шеруді бүлікке айналдырмақ болғандардың арам пиғылы орындалмады.

Бірақ бұл лаңғын салдары оңайға түспегені белгілі. Өйткені, айналдырған аз ғана уақыттың ішінде бейбіт халықты қалқан еткен бүлікшілер аяғы тиген жерді лас-

тады, қолы тиген жерді қиратты. Тәуелсіздіктің бесігі болған, азаттықтың алтын арқауы болған Алматының отқа оранған, окқа таңылған, түтінге көмілген аянышты түрін сырттай бақылау кім-кімге де оңайға соқпады. Бес саусақтың бірдей болмайтыны сияқты, осы бір дүрбелеңді пайдаланып ұрлыққа, тонауға, бөтен мүлікті қиратуға тәуекел еткендер де аз болмады. Соның кесірінен мемлекеттен бөлек, шағын және орта кәсіп иелеріне айтарлықтай залал келді. Коронавирус пандемиясынан кейін кәсібін енді-енді аяғынан тұрғызып келе жатқандарды «Қаңтар қақтығысының» тұралатқаны жасырын емес.

Ең өкініштісі, алмағайып тұста қаншама жазықсыз, бейбіт тұрғындар көз жұмды. Отан алдындағы аңтына адал болып, соңғы демі таусылғанша күзетте тұрған қаншама құқық қорғаушы мен әскери қызметкерлер бақилық болды. Жақынынан айырылған барша отандасамыздың қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

Сонымен қатар, осы тұста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылды. Ел еңсесін тіктеу үшін, әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарды қолдау мақсатында құрылған бұл қорға қазір мемлекеттің ертеңіне, айналасындағылардың тағдырына көз жұма қарамайтын жандардың бәрі үлес қосып, қолынан келгенше жәрдем ұсынуда. Республикадағы судьялардың басын қосатын Судьялар одағы қоғамдық бірлестігі де мұндай игілікті істен шет қалмайтынына сенемін. «Теңіз тамшыдан құралады» демекші, еліміз бетпе-бет келіп отырған бүгінгі қиындықты біз бірліктің, ынтымақтың арқасында ғана жеңеміз!

Бұл күн де өтер, бұлт артынан жарқырап күн көрінетін кез де алыс емес. Сол мизамшауақ сәт тезірек орнауы үшін бізге біріге қимылдап, бүліктің салдарын бірге жою, жарасын бірге жазу міндет. Қазақстанның тәуелсіздігін тұғырлы ету, азат еліміздің егемендігін баянды ету өз қолымызда!

Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

М.ИМАНБАЕВ,
ҚР Әскери сотының судьясы



МӘСЕЛЕ

АРЗАН ПОЛИЦИЯ ҚОҒАМҒА ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құқықтық саясаттың, құқықтық мәдениеттің, полицияға деген дұрыс көзқарастың қалыптаспағанына ғана көрдік. «Заң атымен» деген сөз кез келген полиция қызметкерінің негізгі қаруы болуы керек. Өйткені, бұл сөзде полицияның мәдениеті, адалдығы мен халыққа деген қызметі жатыр. Ал бірде-бір полиция қызметкері өзін заңнан жоғары қоя алмайды!

Жай күндері полиция қызметкерлерін сынайтын көпшіліктің кешегі тәртіпсіздік кезінде жанұшыра іздегенін байқадық. Егемендігіміз бен тәуелсіздігімізге қатер төнген сол бір сын сағатта полицейлер өзіне жүктелген міндетті адал орындады. Өкініштісі, бейбіт заманда по-

лиция қызметкерлерінің қызмет бабында қайтыс болу жағдайлары тағы орын алды. Неге өзін қорғай алмады? Заң осал ма? Әлде дайындық төмен бе? Бұл сауалдарға бір ауыз сөзбен жауап беру мүмкін емес. Мұның тамыры тереңде.

Бізге ПМ арнаулы оқу орнында 4 жыл оқытын курсанттың қызметтік қаруды атуға дағдылануы үшін шамамен «Марков» тапаншасының 513 оғы, ал «Калашников» автоматтың небәрі 243 оғы беріледі... Бұдан шығатын қорығанды жалғыз-ақ. Ол полиция қызметкері тиісті біліктілік иеленбейді. Полицияның учаскелік инспекторлармен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмысты ашу және жолын кесумен айналысатын жедел

уәкілдерді дайындау мерзімі де қысқа. Салада еңбек етіп жүргендердің басым бөлігінде кәсіби біліктілік кем. Елді қорғайтын полиция қызметкерлерін дайындаудан қаржыны да, қолдауды да аямау керек. Өйткені, «мемлекеттегі арзан полиция қоғамға қымбатқа түседі».

Сапасыз, бейіндік бағыты ішкі істер органдары қызметіне бағытталмаған, мемлекеттің тапсырысымен оқытылмаған, өз қаражатымен білім алғандарды полицияға қызметке қабылдауға жол аштық. Бұл қисынсыз шешім. Адамның жанын емдейтін маман-дәрігерді 9 жылға жуық дайындаймыз, ал қоғам мен мемлекеттегі құқықбұзушылық дертіне баға беретін полицияның учаскелік инспекторы мен жедел қызмет-

керін ағаштан мүсін жасағандай қырғап 3-6 айда дайындап шағару керек. Мұның соңы неге әкеп соғатынын «Қасіретті қаңтар» дәлелдеді.

Күштік құрылымдардың ішінде реформадан көз аспаған орган болса, ол – Ішкі істер министрлігі. Құрамы қырық қайтара жасақталып, кадр саясаты сан мәрте жетілдірілгенімен, бұл сала әлі күнге дейін сын мен міннен арыла алмай келеді. Ал кешегі «қасіретті қаңтар» қазақстандық полицияның жылдар бойы қордаланып қалған проблемасын бір-ақ күнде жайып салды.

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,
отставкадағы полиция генерал-майоры, профессор

ИГІ ІС

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

Қаңтар айы елімізде үлкен дүрбелеңмен басталды. Осы қиын кезеңде жанкештілікпен қайрат көрсеткен құқық қорғаушылардың еңбегі ерен болды. Уақытпен санаспай еңбек еткен тәртіп сақшылары елімізде қайтадан тыныштық орнауы үшін барын салды.

Бұл уақытта Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің жеке құрамы да күндіз-түні жұмыс орындарынан табылды. Сотталғандар арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп, олардың тәртіпті қатаң сақтауы мен заңға бағынуына ыйтқы бола білді.

Осындай кезде ҚАЖД қызметкерлеріне ыстық тамақ тасып, қайырымдылық танытқандар да болды. Солардың бірі – Алматы қаласындағы «Истоки Добра» деп аталатын қоғамдық қор. Қайрат Нұрсұлтанов,

Амина Омарова, Корнео Серафимы бастаған қор өкілдері қылмыстық-атқару жүйесіне келіп, жеке құрамға ыстық тамақ ұйымдастырды. Қайырымды адамдардың қиын кезеңде қолдау көрсеткені үшін қызметкерлер оларға жүрекжарды алғысын білдірді.

Сын сағатта Алматы қаласы бойынша ҚАЖД ардагерлері де әріптестерінің ортасынан табыла білді. Ардагерлер кеңесінің төрағасы отставкадағы әділет полковнигі Ергали Сағалбаевтың ұйымдастыруымен ардагерлер ҚАЖ департаментіне қарасты

ЛА-155/18 мекемесінің (тергеу изоляторы) жеке құрамына моральдық қолдау көрсетіп, қауіпсіздік шараларының сақталуына атсалысты. Сонымен қатар, ардагерлер мекеме қызметкерлеріне тамақ жеткізіп, ақсақалдардың береке бастауы бола алатынын көрсетті.

«Елімізде орын алған жаппай тәртіпсіздік кезінде біз қол қусырып отыра алмадық. Біздің міндетіміз – өзімізден кейінгі жас мамандардың Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттырып, рухтарын көтеру. Сол тұрғыда қиын кезеңде әріптестеріміздің жанында болуды ұйғардық», – дейді ұзақ жылдар мекеме бастығы болған зейнеткер Михаил Лырчиков.

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

– Елдегі қайғылы жағдайды ұйымдастырушылар ретінде қазір діни экстремистердің аты жәйі айтылуда. Бұл пікірге сіздің жеке көзқарасыңыз қандай?

– Жаңаөзенде басталып кейін бүкіл елге таралған шерудің бейбіт басталғанын жұрттың бәрі біледі. Өйткені, ел қабылданған заңдардың өз деңгейінде орындалмауынан шаршады. Әлеуметтік жүйедегі кордаланған көп сұрақтар шешілмей қалды. Халық қатты кедейленіп кетті. Басым бөлігі банктер мен қаржы ұйымдарының несиесімен өмір сүруде. Оны жабу да жыл өткен сайын қиындады. Осыған қарамастан үкімет қоғамға керек емес бағдарламаларға көп қаржы жұмсады.

– Қайшылықтың басты себебі халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігіне байланысты деп ойлайсыз ба?

– Иә, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуі қайшылық тудырды. Оған кейін сыртқы күштер де араласып, жағдайды ушықтырып жіберді. «Біздікі бейбіт шеру, ештеңе бұлдірмейміз» деп арандатуға жол бермеуге тырысып жүрген адамдар көп болды. Тіпті, шерушілерге полиция жақындағанда қайшылық тудырмау үшін оларға жақындамаңдар деген адамдардың болғанын ешкім жоққа шығара қоймас. Өкінішке қарай, «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендей теріс пиғылды адамдар әдейі араздықты қоздырып, жағдайдың бақылаудан шығуына жол ашып берді.

– Сонда 1-2 сағаттың ішінде жағдайдың күрт өзгеруіне біздің құзырлы органдар дайын болмады ма?

– 30 жылдан астам ішкі істер органдарында жұмыс жасаған адам ретінде өз болжамымды айтар болсам, мұның бәрі жайдан-жай болатын процесс емес. Бәрі реттелген. Осындай қиын жағдай орын алған кезде бірлесіп әрекет жасау туралы құзырлы ұйымдар мен мекемелер арасында ведомстволарлық келісім де бар. Арнайы комиссияның құрылып, жұмыс істеуі үшін олар әрдайым дайын болады. Оның құрамына ішкі істер, төтенше жағдай, қорғаныс секілді құрылымдар кіреді. Төтенше жағдай кезінде бұл комиссияны басқару Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің құзырында. Мына жерде оларды басқаратын басшы болмай қалды. Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті бейнелі сөзбен айтқанда «ойыннан шығып қалды». Ал Ішкі істер министрлігі бұйрық күтіп отырып қалды, болса орындайды, бұйрық болмаса тұрып қалады. Мысалы ҚР Президентінің құзырлы органдардың қаруды қашан қолдануға болатыны туралы жарлығы бар. Олар күзетілетін мекемеге шабуыл жасағанда, өзінің өміріне қауіп төнген жағдайда қару қолдана алады делінген. Сол сияқты бұл жарлықта қандай жағдайда қару қолдануға болмайтыны да көрсетілген. Атап айтқанда, балаларға, жүкті әйелдерге, мүгедектерге қару қолдануға болмайды.

Біз де бірнеше жыл бұрын Жаңаөзенде қайғылы жағдай болғанын білесіз. Онда қару қолданылған болатын. Оның қоғам тарапынан қалай сыналғанын, айыпталғанын бәріміз білеміз. Сондықтан, Ішкі істер министрі бұл жолы ондай бұйрық берген жоқ. Қазір әлеуметтік желіде ғана емес, кейбір БАҚ-та «неге қару қолданды, қаншама бейбіт адам қайтыс болды» деп жазып, айтып жатқандар бар. Оларды өз басым «диван батырлары» деп айтар едім. Өйткені, қоғам мүшелерінің өміріне қауіп төндіріп, жеке меншігін бұлдіріп, тонап жатқан кезде мемлекеттің қол қусырып отыруы мүмкін емес. Ең бастысы, қаланы бұлдіруге, бейбіт халықты тонауға жол берілмейтін, енді қиыс қадам жасағандарды ескертусіз атуға бұйрық берілетінін айтты. Халықты үйде отыруға, көшеге шықпауға шақырды. Дабыл қакты. Бұл ешуақытта қандай да қосымша талдап-талқылауды қажет етпейтін және барлық уақытта мүлтіксіз орындалуы тиіс мемлекеттік шара болуы тиіс.

– Бизнес субъектілерінің ғана емес, жергілікті атқарушы билік органдары ғимараттарының бүлініп, тоналып, өртеуіне кім, қандай сабақ алды?

– Сауда орындарынан киім-кешек, тұрмыстық заттар мен азық-түлік тоналған кезде содырларға қарапайым адамдар қосылып кетті. Олардың көбі сол манда тұратын адамдар болғанын бәріміз көрдік қой. Қазір тонаушылар өз қылмысын түсінді. Алған затын әлі пайдалана алмай қорқып отырғандары көп. Енді олар өздерінің тонауға қатысқанды түсініп, заттарды қайта әкеліп тапсырып, меншік иелерінен кешірім сұрауы керек.

Болған жағдай біздің жағдайымызды толық көрсетті. Әділетсіздікке төзбейтінімізді айқындап шеруге шыққан



Кәкімжан БИШМАНОВ,
Қазақстандағы лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығының директоры, профессор:

«ТЕРРОРИСТЕР МЕН ЭКСТРЕМИСТЕРДІҢ БӘРІ ДІН ЖОЛЫНДА ЖҮРГЕНДЕР ДЕУ ҚАТЕ»

кезімізден бастап, одан кейін қоғамның, жеке адамның меншігін қиратып, өртеп, тонауға ұласып адам өлтіруге дейін жеткеніміз біздің азаматтық қоғамдың сана-сезімінің айқын көрінісі бола алды.

– Халық арасына кірген бүлікшілердің бәрі бірдей сырттан келгендер емес қой?

– Бұл бүлікшілер өз елімізде дайындалған адамдар екені күмәнсіз. Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті өзінің жұмысын дұрыс атқара алмағанын Президент те айтты ғой. Оған біз не қоса аламыз? Мемлекет басшысы бізден мың есе артық біледі. Өйткені, бізге қарағанда алып отырған ақпаратты да көп. Мысалы қазір белгілі болғаны, шеру кезінде сырттан келген содырлар да болған.

– Бүлікшілер туралы сөз болған кезде – тобыр деген түсінік еріксіз тілге оралады.

– Алматы қаласында шеруге шыққан 20 мың адамның бәрі бірдей содыр емес екенін бәріміз жақсы білеміз. Алайда, көпті өзінің айтқанына көндіріп, жетегіне жүргізген аз ғана топтың кім екенін айтпай кетуге болмас.

Жалпы, тобыр феноменін 1898 жылы алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттеген Соя Серко деген профессор екен. Соның айтқаны осы күні дәлелденіп жатыр. Ол тобырдың ішінде арандатушылар, қарулы жетдеттер (боевиктер), зивактар деген 3 түрлі тип өкілдері болады. Арандатушылар бәрін ұйымдастырып тұрады. Олардың анда барындар, мынаны ұрындар, ананы қиратындар деген тапсырмасын орындайтын – боевиктер. Қазір оны содыр деп жұрмыз ғой. Ал тобырдың 70-80 пайызын зивактар құрайды. Олар анда не боп жатыр екен деп кез келген нәрсені көруге құмартып тұрады. Оның ішінде батыры да, қорқағы да бар. Бұлар негізінен жастар. Олар өлім мен өмірді айыра алмайды. Бірін-бірі қорқып тұрсын ба деп қайрап, жігерлендіріп өз тобына қосып алады. Сондықтан біз елдегі қайғылы жағдайға кінәлілерді жазалау үшін ең бірінші арандатушыларды түгел тауып, ұстауымыз керек. Сонда боевиктер басқарусыз қалады. Әрине, мұндай жағдайда біз бәріне дайын болуымыз керек. Ал «Біз бейбіт шеру деп ойлап қалдық деу» ішкі істер органдары мен қауіпсіздік комитеті офицерлерінің айтатын сөзі емес. Біздің қауіпсіздікке қатысы бар барлық ұйым, мекемелеріміз бәріне, тіпті бұдан жаман жағдайға да дайын болуы керек.

– Сіз айтқан құзыретті органдар мен мекемелер әрдайым төтенше жағдайға, терроризм мен экстремизмге қарсы түрлі оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатады. Оған бюджеттен қомақты қаржы да бөлініп тұрады. Мұның бәрі сонда көзбояушылық болғаны ма?

– Олардың бір тиынға қажеті болмай қалды ғой. Төтенше жағдай кезінде олардың ешқайсысы оған дайын болмай шықты. Мен де кезінде мұндай 1-2 жиынға қатысып бәрі балалардың ойыны сияқты болған соң оған кейін қатыспайтын болдым. Мұндай оқу-жаттығу жиындары нақты жағдайға жақын болуы керек қой. Мәселен, төтенше жағдай қызметі кез келген уақытта ертен жауын жауады, қар жауады, тұман түседі, тауда қар көшкіні жүреді, жол кестірайғак болады деген сияқты хабарламалар жібереді. Ал халыққа нағыз керек кезде қауіпті жағдай туындады, мұнда бармаңдар деген сияқты хабар-

қанша қаражат, қалай, кімнің қалтасына кеткенін анықтаған маңызды.

Сосын экстремизм мен терроризмнен оңалту жұмысына да қыруар қаржы жұмсалып жатыр. Оның да есебі болуы керек қой. Қаржы алған мекемелер біз оңалттық деген адамды көрсетсін. Қазір жұмыс жасап жатқан Тергеу комиссиясына қоғамның бір мүшесі ретінде менің мынандай бір сұрағым бар. Елдегі қайғылы жағдайға қатысы бар деп ұсталған экстремистер мен террористердің ішінде оңалтудан өткен адам бар ма екен?

– 2012 жылы қабылданған «ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңда көрсетілген ұлттық қауіпсіздіктің 6 түрінің ішінде қазір біз үшін ең өзекті болып тұрғанын атай аласыз ба?

– Иә, онда ұлттық қауіпсіздіктің – қоғамдық, әскери, саяси, экономикалық, ақпараттық және экологиялық деп аталатын 6 түрі көрсетілген. Менің ойымша қазір оның ішіндегі біз үшін ең өзекті болып тұрғаны қоғамдық және ақпараттық қауіпсіздік. Өйткені, кім не болса соны айтып, жазып, көрсетіп жүр. Соның нәтижесінде елге ірікті салу қаупі өте жоғары болып отыр. Өкінішке қарай, оны әлеуметтік желіде жазып, таратып жатқандарға ешнәрсе жасай алмаймыз. Оған ресми органдардан кім, қалай, қандай тосқауыл қойып,

кестікке қарсы оңалтуға маманданған психолог болмағандықтан, бізде бұрын отбасы мәселесімен айналысқан психологтар оңалту орталықтарында жұмыс жасап жүр. Тіпті, терроризмді былай қойып, Құран кітабын қай жағынан, қалай оқу керек екенін білмейтін адамдар оларға осы жолға сіз қалай келдіңіз деп сұрақ қояды. Мұндай біліктілігі төмен мамандар теріс жолда жүрген адамға қалай кеңес бере алады?

Тағы қайталап айтамын, террористер мен экстремистердің бәрі дін жолында жүргендер деуге болмайды. Бізге террористің тұлғасын білетін адам керек. Олардың дінге қатысы жоқ болуы ма мүмкін. Дінді қазбалаудың бізге қажеті қанша? Ел тұрғындарының арасында дін қағидаттарын толық орындап отырғандар өте аз. Сол сияқты өзін мұсылман санаған адамның бәрі дін жолында жүр деуге болмайды. Олардың 6-7 пайызы ғана діннің бүкіл парыздары мен міндеттерін толық орындап жүргендер. Ал біз қазір бүкіл құқық қорғау органдарына мынау дінді біледі деп кез келген адамды кіргізіп жатырмыз. Мұндай адамдар ертең ел басына күн туғанда лаңкестер мен экстремистерге қару қолдана ала ма?

Жеке оқу орны тұрған кезде бізге өзге жерлерден исламтану факультетін ашудың қажеті қанша? 6 пайыз адам үшін дінтануды оқыту кімге, не үшін қажет? Онсыз да дінтану мамандығы бойынша оқуда бізде қазір конкурс жоқ қой.

– Қоғамдық қауіпсіздік деген кезде біздің ауымызға ең алыбымен ілігетін сөз – полиция. Кәсіби маман ретінде Ішкі істер органдарының қызметін реформалау қалай жүзеге асу қажет деп санайсыз?

– Күні кеше бүлікшілермен бет-бет келіп, алаңға қарусыз шыққан полиция қызметкерлері мен ұлттық гвардия және шекара академиясының курсанттары болғанын білесіздер. Төтенше жағдай кезінде көшеде бірде бір полиция болған жоқ. Олар қайда болды деп сын айтып жүргендер көп. Менің ойымша бізге әлі де ішкі істер органдары қызметкерлерін дайындау, олардың кәсіби деңгейін көтеру жағын жетілдіру қажет. Оларды дұрыс іріктеп, кәсіби түрде дайындау үшін ең алдымен орта таза болу керек, кадр аппараты дұрыс жұмыс жасағаны маңызды. Мемлекеттік қызметке қабылдау тесттері ішкі істер органына жарамайды. Оларға талап басқа болғаны жөн. 400 сұрақтан тұратын психологиялық-физиологиялық тест деген бар. Сондайлар керек.

Қазір жақсы болсын, жаман болсын таяқтың бәрін полиция жейді. Өйткені, көшеде полициядан басқа ешкім формамен жүрмейді. Сондықтан бірінші солар көзге түседі. Бұл жағдай мені сержант боп жүрген кезімде-ақ қатты аландатты. Бірге қызмет жасайтын тергеуші жұмыстан шығарда формасын шешіп, үйге азаматтық киіммен қайтамын. Автобуска екеуіміз бірге мінеміз. Алайда жолда төбеле болса, формамен жүргендіктен мен заңсыздыққа бейжай қарап тұра алмаймын. Ал ол жоқ боп кетеді. Әлі күнге дейін бізде істі қарайтын, ақ пен қараны анықтайтын тергеуші ешқашан қаттығын ортамына бармайды. Барлық жерде алдыңғы шепте полиция қызметкері ғана жүреді.

Құқық қорғау органдарындағы реформа туралы айтқанда кейбір адамдар Грузияны тілге тиек етеді. Ол бізбен салыстырғанда шағын ғана ел. Ондағыдай барлық қызметкерді жұмыстан босатып, бәрін қайтадан іріктеуге бізде еш мүмкіндік жоқ. Сондықтан өзгерісті аудандық ішкі істер басқармаларының басшыларынан бастау керек. Олар дұрыс жұмыс істеу үшін сосын қалалық, облыстық басқарма басшылары мен министр де таза адам болуы қажет. Бір сөзбен айтқанда бұл қызметте теорияны білетін, практикадан өткен адамды пайдалану керек. Кезінде Алматы қаласының қазіргі Ішкі істер департаменті басшысына «8 ауданға 8 ардагерді қоғамдық инспектор етіп бекітіп беріңіз. Олар өзінің білімі мен тәжірибесімен бөліссін. Бұл ондағы ішкі тәртіптің жақсарып, заңбұзушылықтардың азаюына өз септігін тигізеді. Қоғамдық инспекторлар басшылармен тікелей байланыстағы адам болуы қажет. Олар сіздің кеңесшілеріңіз ретінде аудандық ішкі істер басқармасы басшысының жұмысына баға бере алатын және ол өз қызметіне лайық адам болмаса шынықты ашық айта алатындай өкілдікке ие болуы қажет» деп хат жазғам. Бұл өтініштің аяқсыз қалды. Ал оның нәтижесін Алматыдағы жағдай кезінде өзіңіз де көрдіңіз.

– Сұхбатыңызға рақмет.

ЖИЫН

Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов қызметтік іс-сапар шеңберінде Мақат аудандық сотына келіп, аудандық сот ұжымы, ардагерлер және медиаторлармен кездесу өткізді.



ТӨРАҒА ЕЛ ІШІНДЕ

Кездесу барысында Б.Жұмағұлов қатысушыларды елімізде жүргізіліп жатқан сот реформалары туралы хабардар етіп, негізгі заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар туралы айтып берді. Сондай-ақ, елдегі қалыптасқан жағдайды атап өтіп, барлығын бірлікте болуға және төтенше жағдай режимін қатаң сақтауға шақырды. Одан әрі облыстық сот төрағасы аудандық соттың жұмысымен танысып, сот отыры-

сы залы, кеңсе, татуласу кабинетінің жұмысын көрді. Сотпен ақпараттық сервистерді, дыбыс-бейнежазба жүйелерін қолдану мәселесіне ерекше назар аударды. Сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсарту, істерді қарау барысында мерзімдер мен заң талаптарын қатаң сақтау қажеттілігіне судьялардың назарын аударды.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

ТӨРТІП ОРТАҚ

Жеке бас қауіпсіздігі үшін төтенше жағдай режимін мұқият сақтаудың маңызы зор. Әсіресе, елдегі құқық-бұзушылық салдарынан пандемия жағдайында төтенше жағдай режиміне бағыну халықтың бас амандығының кепілі.

Төтенше жағдай режимін сақтау, оны бұзғандарға жазаны күшейту секілді шаралардың алдағы уақытта да өзекті бола түсетіні анық. Алайда, қазірдің өзінде осы режимге бағынғысы келмейтіндер табылып жатыр.

ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабына сай төтенше жағдайдың жариялануына байланысты мемлекеттік орган белгілеген режимді бұзу немесе талаптарды орындамау, сондай-ақ, жергілікті коменданттың заңды бұйрықтары мен өкімдерін, соның ішінде келу мен кетудің ерекше режимін бұзу, белгілі бір жеке тұлғалар үшін белгіленген мерзімге белгілі бір жерден, өзінің пәтерінен (үйінен) кетуге тыйым салуға болмайды. Сондай-ақ, бейбіт жиналыстарды, ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруды шектеу, ереуілдер өткізуге тыйым салу, қарумен, күшті әсер ететін химиялық және улы заттармен, сондай-ақ алкогольдік ішімдіктермен және құрамында спирті бар заттарға сауданы шектеу немесе оған тыйым салу, карантин және басқа да міндетті санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізу заңға қайшы. Коменданттық сағат кезінде жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын арнайы берілген рұқсаттарсыз және құжаттарсыз көшелерде немесе өзге де қоғамдық орындарда жүруіне не жеке басын куәландыратын құжаттарсыз өз үйінен тыс жерде болуына тыйым салу бөліктерін орындамауға да жаза қарастырылған. Егер бұл әрекеттерде (әрекетсіздікте) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса – ескерту жасауға немесе он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамалға алуға әкеп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалға алу көзделген. Кез келген азамат осындай заңдылықтарды сақтай отырып, ел тыныштығын нығайтуға өз үлесін қоса алады.

Гүлдерайым ӘБДІҒАЛИҚЫЗЫ,
Жаңақала аудандық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰРЫҚ

ВАКЦИНАЦИЯ
ПАСПОРТЫН САТҚАН

Ақтөбеде қалалық ауруханалардың бірінің медбикесі коронавирус инфекциясына қарсы жалған вакцинация паспортын жасаған. Оған құжатты сатуға мектепте мұғалім болып жұмыс істейтін туысы көмектесіпті.

Сотта анықталғандай, Қарғалы қалалық ауруханасының медбикесі 2021 жылдың шілде-қыркүйек айларының аралығында барлығы 11 адамға «COVID-19» ауруына қарсы «Спутник V» вакцинасын алғаны жөнінде жалған вакцинация құжатын жасаған. Күдікті бұл адамдарды екпе жасатқандар тізіміне енгізген. Алайда бұл жандардың ешқайсысы коронавирускқа қарсы препаратты ағзасына жуытпаған. Яғни, жалған құжат рәсімделіп келген. Күдікті олардың әрқайсысынан 15 мың теңге көлемінде сыйақы алғанын айтты. Тергеу кезінде оған вакцинация

паспортын сатуға Ақтөбедегі Новый орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істейтін туысының көмектескені анықталды. Ол өз қызметі үшін жалған құжат алған үш адамның әрқайсысынан 10 мың теңгеден ақша алған. Осы факт негізінде сотталушыларға қатысты Қылмыстық кодекстің 385-бабы 2-бөлігі «Жалған құжат өткізу» және 247-бабының 2-бөлігі «Заңсыз сыйақы алу» бойынша іс қозғалып, сотқа жолданды. Сотта сотталушылар өздеріне тағылған айыпты толық мойындап, жасаған іс-әрекеттеріне өкінетіндігін айтты. Ақтөбе қаласының №2 сотының қаулысымен сотталушылар «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заңға сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылды. Оларға қатысты қылмыстық іс өндірісі тоқтатылды.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ПАЙЫМ

ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР
ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

Биыл заң саласында да біраз жаңашылдықтар басын алды. Нақты айтқанда, 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық-процессуалдық заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы қабылданды.

Осы заңға сай, елімізде неке бұзу және алимент төлеу тәртіптері жаңартылды. Бұрынғы заң бойынша алимент төлеу туралы келісімді соттан тыс тәртіпте нотариустар бекітетін болса, енді бұл қатар медиаторлар, адвокаттар, сондай-ақ, заң консультанттары палатасының мүшелерімен толықты. Нақты айтсақ, аталған 158-бап нотариустың алимент төлеу туралы келісімі, медиатордың дау-жанжалдарды реттеу туралы келісімі, заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын адамдардың, адвокаттардың партиясының мүшелері болып табылатын алимент төлеу туралы дауды реттеу келісімі болып бекітілді. Бұл өзгеріс өз кезегінде балалар құқығының жан-жақты әрі жылдам қорғалуына ықпал етеді.

Неке бұзуға қатысты 240-баптың 5-бөлігі толықтырылды. Соған сай, ерлі-зайыптылардың бірі неке бұзу туралы арызды қайта беріп, оны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға келе алмаған жағдайда оның қатысуынсыз да неке бұзылуы мүмкін. Бұл үшін оның некені бұзуға нотариатпен куәландырылған келісімі болуы міндет.

АПК-ге жаңа ұғым, дауды сотқа дейін реттеу хаттамасы енгізілді. Яғни, тараптар сотқа дейін реттеу хаттамасын жасау арқылы татуласа алады. Реттеу хаттамасы арқылы татуласу өз кезегінде тараптардың қарым-қатынасын сақтауға, моральдық және материалдық шығындарды азайтуға, дәлелдемелерді алмасуға, дау бойынша ымыраға келуге, т.б. мүмкіндік береді.

Биылдан бастап азаматтық іс жүргізуде сырттай өндіріс алынғып тасталып, жоғары тұрған сотқа тараптардың келісімімен ұқсас және біртектес істердің бірін талап ету және оны бірінші сатыдағы соттың қағидаларымен қарап, шешім шығару құқығы берілді. Яғни, біртекті істер тек бір облыстың соттарында қаралатын болса, онда оларды облыстық сот қабылдайды. Мұндай істер басқа өңірлерде

туындаса, онда олар Жоғарғы Сотқа беріледі.

Тараптарға аумақтан тыс соттылықты таңдау құқығын беру нормасы быылғы 1 тамыздан бастап күшіне енеді. Сонымен қатар, сотқа дейінгі хаттаманы жасау кезінде талап қоюды қабылдау мерзімі 15 күнге ұзартылды. Бұрын бұл мерзім 10 жұмыс күні болатын.

Атқарушылық жазбаны жасауда нотариустарға даусыз талаптар, атап айтқанда, міндетті зейнетақы аударымдарын (2022 жылғы 1 тамыздан бастап) өндіріп алу, дауды реттеу туралы нотариуспен куәландырылған және адвокаттармен партиясының мүшелері рәсім тәртібімен жасалған келісімдер берілді.

Жеңілдетілген өндіріс ауқымы кеңейтілді, соған орай, соттар тараптардың өтінішхаты немесе өз бастамасы бойынша талап қоюдың кейбір санаттарын оңайлатылған іс жүргізуде қарай алады. Осы тұста ескерерлігі, алиментті өндіріп алу туралы дауларды қоспағанда, балалардың құқықтарын қозғайтын даулар бойынша істер оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды. Судья оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істерді талап қою қабылданған күннен бастап бір айда қарайды. Бұл мерзім ұзартылуға жатпайды.

Тағы бір айтарлығы, оңайлатылған тәртіптен шықпай-ақ жекелеген мән-жайларды нақтылау мақсатында тараптарды шақыру мүмкіндігі белгіленді. Апелляция мен кассациялық саты соттарына шағым жасау кезінде аумақтық органдардың жоғары тұрған мемлекеттік органмен ұстанымы міндетті түрде келісілуі керек. Мұндай талап, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық құрылымдарының сотқа талап қою жұмысында үйлестірушілік рөлін күшейтеді.

Апелляциялық саты сотының актісі

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



Дүние-Зада КЕНШИМОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы

қайта күшін жойған кезде істі бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарау үшін өз өндірісіне қабылдау міндеті енгізілді. Егер төменгі сот істі қайта қарай отырып, жоғары тұрған сотпен келіспесе, онда ол өз қалауына сай шешім қабылдауға құқылы. Бірақ, ол өз шешімінде жоғары тұрған соттың ұстанымымен неге келіспейтінін дәлелдеуге міндетті. Бұл ереже, сондай-ақ, соттар практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге, судьялар қатесінің санын азайтуға, сот актілерінің сапасын арттыруға және ең бастысы, азаматтар мен кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын тезірек қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

«Smart судья көмекшісі» жасанды интеллект элементтерін пайдаланатын озық IT сервистер енгізілетінін айрықша атауға болады. Осы сервис аясында судьялар қалауымен істердің санаттарына сай шешімдер қабылдаудың нақты алгоритмдері негізінде сот актілерінің жобалары дайындалады. Судья робот сот актілерін тексеріп, қол қояды.

Зандардағы жаңашылдықтар сот рәсімдерінің қисындары әрі түсінікті, азаматтар, бизнес және инвесторлар үшін ыңғайлы, сондай-ақ, қолжетімді болу мақсатын көздейді.

ҚАҰП

АЛАЯҚТАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Алаяқтық – ол бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау, сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену. Қазіргі таңда ғаламтор арқылы жасалатын алаяқтық ең көп тараған қылмыс түрлерінің бірі болып отыр. Көп жағдайда алаяқтар адамдарды тауар сатып аларда, еңбекке орналастыру, несиелік қарыз алу, пәтер жалдау, бағалы сыйлықтар ойнату секілді сылтаулармен алдап жатады.

Алаяқтардың құрбаны болмау үшін кез келген ақпараттың анық-қанығына көз жеткізбей, ешқандай әрекетке бармау керек. Достарыңыздан әлеуметтік желі арқылы алған хабарламалардың өзіне сенбеу керек. Себебі, акаунттар бұзылған болуы да ықтимал. Жеке мәліметтерді ешкіммен бөліспей, сақтау керек. Егер де күмәнді ресурстарда сізден мәліметтерді енгізуді сұраса, келіспеніз. Себебі, тәжірибелі алаяқтар аз ғана ақпараттың өзін кәдесіне пайдаланып кетуі мүмкін. Сізге таныс емес нөмірлерден келген хабарламаларға назар аудармаңыз. Кез келген мессенджерлерден келген сілтемелерді жөн-жосықсыз аша беру де дұрыс емес.

ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабында алаяқтық бойынша жаза мөлшерлері көрсетілген. Жоғарыдағы кодекстің 190-бабының 1-бөлігіне сай, мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Екінші бөлікке сай қылмыстық құқықбұзушылық жасаса, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу

жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Үшінші және төртінші бөліктерге сай мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал 2) тармақта көзделген жағдайларда, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүлктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

С. ТАНАТАРОВА,
Жаңақала аудандық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



«Ұлттық рухтың негізі – ұлттың тілі» деген екен халқымыздың біртуар ұлы, ұлт жанашыры Мұстафа Шоқай. Тіліміздің тарихы – кешегі мен бүгінгі, болашағы жайлы кез келген көкірегі ояу, саналы қазақ азаматының ойланбауы мүмкін емес.

«ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ НЕГІЗІ — ҰЛТТЫҢ ТІЛІ»

«Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен мақтанш сезімі болуы керек. Тіл – ұлттың жаны. Ол халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі.

Ел тәуелсіздігінің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Өзінің болашағын ойлайтын мемлекеттің қоғамдағы тілдің рөліне, мәртебесі мен қолданылу аясына, дамыту мәселелеріне баса мән беруі – заңды құбылыс. Бүгінгі таңда елімізде бейбітшіліктің сақталуы, халықтың тыныштық пен татулықта өмір сүруі – ең бірінші,

қазақ халқының кеңдігінің, қонақжайлылығының, бітімгершілік болмысының арқасы. Қазақ тілі елдің мемлекеттік тілі болумен қатар, Қазақстандағы барлық халықты біріктіретін құдіретті күші!

Ұлттық салт-сананы бала бойына сіңіру – ата мен әже, әке мен шешенің ұлттық мәдени, рухани болмысы мен ұстанымынан болады.

Бұл ретте отбасы мүшелерінің, ең алдымен ата-ананың ауызекі сөйлеу тілі мен мәнерінің әсері зор. Күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын сөздер мен сөйлемдер әдеби тілдік қалыпқа сай, яғни, жалпыға бірдей түсінікті, бөтен тілмен шұбарланбаған, былапыт сөзбен былғанбаған жұмсақ, көркем болуы тиіс. Әрине, олай сөйлеу түрлі себептерге байланысты кез келген отбасының әдетінде бар деп айта алмаймыз. Десек те, әр отбасы өзін мемлекеттің



бір бөлшегі ретінде, оның өркениетін өзіне тән ерекшелігі, салт-дәстүрі, ізгі болмысы, тілі, ділі арқылы дамытып отыратын тамыры іспетті сезініп, ана тілінің қадірін кетірмеуді бір сәт те ойынан шығармауы тиіс.

Ана тілі – бабалар аманаты. Қарапайым тұрмыста ойымызды сауатты, толық сөйлемдермен жеткізіп, орайы келсе, мақал-мәтелмен көркемдеп сөйлеу, әліміз келгенінше соған тырысу – біздің өскелең ұрпақ алдындағы бірегей міндетіміз.

Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр. Оған

қоса мемлекеттік тіл – татулық пен бірліктің тірегі.

Сондықтан, әрбір Қазақстан азаматының бір-бірімен қазақ тілінде сөйлеу, ана тіліміздің мәртебесін өркендетуі керек. Бұл – азаматтың ел алдындағы борышы, міндеті!

Елдің экономикасы мен әл-ауқаты артып, саяси әлеуметтік еңесі көтерілген сайын, ұлттық тіл мен ұлттық рухымыздың да өскенін, ұлттық мүддеміздің екінші қатардағы қосалқы дүниедей болып қалмауын қадағалау бәрімізге парыз. Қазір біз тілдің дамуының бүкіл жауапкершілігін өз мойнымызға алдық, өзімізден талап ететін кезеңге жеттік. Қазақ тілі үшін біздеріміз де қарыздармыз, сондықтан қолымыздан келген қамқорлығымыз бен көмегімізді аянып қалмайық, өйткені тіл-біздің ертеңгі ұрпақтарымыздың панасы.

**Гүлмира РАХИМОВА,
Мойынқұм аудандық сотының
көмегершісі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ**

ТЕМІР ТОРҒА ҚАЙТА ҚАМАЛДЫ

Қазіргі таңда Түркістан Қоблысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты Кентау қалалық пробация қызметі бөлімінің есебінде 140 сотталған азамат есепте тұрады.

Есептегі сотталған адамдар арасында әртүрлі мінез-құлқы адамдар кездеседі, бірі қылмыс жасағанына өкініп, қылмысы арқылы келтірген залалдың орнын толтырып, түзелу жолына түскен азаматтар болса, енді бірі тәртіпке бағынбай, сот жүктеген міндеттерді атқармай, жаза өтеу ережелерін қасқойлықпен бұзатындар.

Кентау қалалық пробация қызметі есебінде тұратын Батыр есімді азаматтың ісі қайта қаралды. Ол жаза өтеу тәртібі мен шарттары түсіндірілгеніне қарамастан бірнеше рет, яғни әкімшілік жауапкершілікке тартылып, белгіленген уақытта үйінде болмаған, профилактикалық іс-шараларға қатысу үшін есеп беруге келмеген. Сот жазаны өтеу тәртібін бұзған азаматқа қатысты пробация ұсынысын қабылдап, ҚР ҚК-нің 44-бабының 3-бөлігіне сай бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырды.

– Бұл азамат өзі түзеу мекемесінен босап, пробация қызметіне тіркеуге алынған болатын. Бауыржан Момышұлы ағамыз айтқандай, «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды». Мұны еліміздің әрбір азаматы есте сақтау қажет. Пробация есебіне тіркелген азамат өзіне заң бойынша жүктелген міндеттерді бұзбағаны дұрыс. Өзінің жасаған қылмысынан сабақ алғаны абзал, – деді Кентау қалалық пробация қызметі бөлімінің инспекторы әділет аға лейтенанты Жанәлі Өтешов.

Р.НАРБЕК

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ

Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің елге деген жанашырлығы басым. Мемлекеттік тіл елдіктің алтын тұтқасы. Халық тілімен бойындағы бар асылды ұрпағына жеткізеді. Қай уақытта болмасын тіл елдің қазынасы болған әрі бола да бермек.

Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретінде мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтық болғаны оның ғажайып тілі – деген сөзге сүйенсек, осынау ғажап тілдің еліміздің тұғырына нық орнығуына бір кісідей жұмыла атсалысу баршамыздың азаматтық борышымыз әрі абыройлы міндетіміз.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Тәуелсіздік қазақ халқының маңдайына мемлекет құраушы ұлт болу бақытын сыйлады. Қазіргі таңда қазақ ұлты өз тағдыры үшін өзі жауапты. Қазақстан түрлі ұлттардың өсіп-өркендеуі, өзара келісім мен

сыйластыққа қол жеткізу алаңына айналды. Бұл жөнінен еліміз басқа посткеңестік елдердің бәріне үлгі боларлықтай жағдайға жетті. Шығыс халқына тән ерекшелігіміз бен далалық менталитетіміз бізді едәуір биіктерге көтергендігін қазір мақтаншыпен айтуға болады.

Талай елдерде ұлттаралық жанжалдың, араздстықтың себепшісіне айналған тіл мәселесі Қазақстанда оңай шешілуде. Мемлекет саясатында жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босаңсытпауы тиіс. Ең бастысы, тілге деген құрмет пен қамқорлық, қолдау көрсетіліп, оны өмірде қолдану мен қорғау басыдан бастау алуы керек. Ал егер өзіміз бен мемлекет басындағылар керек етпесе, мемлекеттік тіл кімге керек? Адам қай тілде сөйлесе, сол тілге қызмет етеді.

**Лилия ҚАРЛЫХАНОВА,
Қызылорда облысының қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «Дос-2013» ЖШС, БСН 130440006722, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор ауылы, С.Бейбарыс көшесі, 5. Тел.: 87781142436.

5. «Игілік-2030» Ж.Ш.С. (40-1958-16) БСН 030240008969 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Шардара қаласы, Қазыбек би н/з.

6. «Алтын Балық 2020» ЖШС, БСН 190940005238, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас ықшам ауданы, Ахынов көшесі, 41 үй, пошталық индексі 160023.

7. «Фонд развития «Демеу-Астана» жеке қоры (БСН 150440023419) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Самал ш.а., 12 ғимарат, 19 қабат.

8. «Жамбыл Жабаетын әдеби-ескерткіш мұражайы» мемлекеттік мекемесі, БСН 451040000014, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл селосы Жамбыл көшесі №80 үй.

МҰРАҒЕРЛІК

2. 2.08.2021 ж. қайтыс болған Канлибаев Қулахмет Бейсеновичтің мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус Е.Е. Байсаевке хабарласуды сұраймыз: Түркістан қ., 1 мөлтек ауданы, С.Ерубаев көш., 26 үй, 12 пәтер.

3. 29 тамыз 2020 жылы қайтыс болған Матабакиев Нурахун Максұтовичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к., 60 ү., 2 п. Тел. 87773677972.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының
жарнама бөліміне хабарласыңыз
немесе zanreklama@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.**

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН



«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

**Барлық сұрақтар бойынша:
87089299874 (Аян)**

ДҮНГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдары енді «Караван-Престіж» Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.



Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді «Алты Алаш» сауда нүктелерінен таба аласыз. Тел.: 87015728847.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Ерт

Түн. Үй іші шырт ұйқыда жатыр. Тек Нәдия ғана күйеуі Арсеннің қорылынан көпке дейін ұйықтай алмай дөңбекшіп аунай берген. Көзін жұмса болды жүрегі құрғыр тарс-тарс етіп аузына тығылып, бір түрлі мазасы болмай-ақ қойды. Қырық жыл отасқан күйеуінің құдды трактор келіп қалғандай жер қозғалардай қорылын бұрын-соңды естімеген екен. Сәлден соң қоятын шығар деп қояды ішінен.

Кеше күні бойы қора салып, кешкісін үйге дінкесі құрып келген отағасын оятуға батылы бармады. Төсегінен аунап түсіп, теріс қарап жатыр еді Арсеннің қорылына қырылы қосылып, пышаққа ілінген малдың соңғы демін алғандағыдай дыбыс шығара бастады. Нәдия шыдамай кетті. Теріс қараған бойда күйеуін бүйірден бір-екі рет жақсылап нұқыл-нұқыл қалып еді қырылы жоғалды, қорылы да азайғандай болды. Нәдияның көзі енді ғана ілініп бара жатқан. «Шар» еткен телефонның ашы дауысынан ұйқысы шайдай ашылды.

Ойбай-ау, жеті қараңғы түнде бұл кім болды екен? Тыныштық болса игі еді. Нәдияның үрейленіп қалғаны сонша жатқан орнынан қозғала алмай қалды. «Арсен, біреу қонырау соғып жатыр саған». Арсең алтын беремін десең де көзін ашар емес. Нәдияның күйеуінің телефонның ақтаратын әдеті жоқ. Десе де, қоныраудың иесі тұтқаны көтертпей қоятын емес. Телефонның дауысы күшейіп ұзындаған шырыл миға тиіп әкетіп барады. Орнынан әуірімдеп тұрып, ұйқылы көзбен телефонға қарап еді, өздерінің жер үйлері маңында тұратын көршілері Қайым екен.

– Әло, тындап тұрмын, – деді Нәдия сыбырай сөйлеп.

– Нәдия сенбісің? Тез жетіндер, қораларың жанып жатыр!

– Қора деймісің? Кімнің қорасы?

– Сендердің қораларың да! Басқа кімдікі болушы еді?

– Қай қора? – деді Нәдия сасқалақтанған аузына сөз түспей.

– Нәдия, жер үйлеріңнің қасындағы жаңадан салынған қора. Тез болыңдар! Қызыл жалын күшейіп кетті.

Нәдия телефонды тастай салды.

– Арсен, Арсен деймін! Тұр, тұр! Қора жанып жатыр дейді.

Арсен өңі мен түсін ажырата алмай қалды-ау деймін. Көзін бір ашып, бір жұмып қимылсыз жатты да: «қора деймісің?» – деді жұлып алғандай.

– Иә, жаңа ғана Қайым хабарласты. Қораларың өртеніп жатыр дейді.

Арсен орнынан атып тұрды да ұлы жатқан бөлмеге жүгірді. Үй іші аз ғана уақыттың ішінде абыр-сабыр болды да қалды. Қолға түскен киімді үстеріне ілген бұлар, шалбардың бір балағы іште, екіншісі сыртта, үйден жапа тармағай шыға жүгірісті.

– Бәйбіше, сен қайда барасың?

– Мен де барамын!

– Сенің ол жерде тигізер пайдан жоқ. Бірденеге ұрынып, текке ауырып қаларсың. Үйде бол! – деді Арсен жұбайына жалт бұрылып.

– Жарайды. Түні бойы ұйқым қашып, мазам болмай шығып едім. Қан қысымым да көтеріліп тұрған сынайлы.

Нәдия өз-өзімен күбір-күбір әңгімеге көшті. Бұл кезде әкесі мен ұлы сыртқа шығып кеткен.

Аяқ астынан қораның өртенгені несі? Кеше ғана Арсен бас болып, Ильдарым жолдастарын жинап асарлағып төбесін жапқан еді. Қап... Электр симынан бір ши шықты ма екен? Әлде біреу әдейі... Бір сәтке терең ойға батқан Нәдия селк ете түсіп, есін жинап алып еді, тұла бойы түршігіп кетті. Кеше күні бойы ішкен дәріден асқазаны да қыжылдап тұрған сынайлы. Ол еппен басып ас бөлмеге келді де сүт пісіріп ішек болды. Электр плитканы қосып, тағы да ой үстінде буы бұрқыраған сүтті ожаумен сапыра берді. Кенет сыртқы есік тырс ете түскендей болды. Нәдия қаққан қазықтай қақпып тын тындай қалып еді, қыбыр еткен жан жоқ. Көрші үйден біреу шыққан болар деп топшылады ол.



Түркістандағы тылсым түн

Құпия қылмыс

Таң атты. Қызыл жалын басылған соң Арсен үйге қонырау шалды. Бірақ тұтқаны ешкім көтерген жоқ. «Бұл қалай?» – деді ол өз-өзіне күбірлеп.

– Ильдар, балам, бері келші!

Өрт сөндірушілерге қолғабыс етіп, қара күйеге малынған Ильдардың анадай-дан екі көзі ғана жылтырайды.

– Иә, әке!

– Балам, үйге барып келші!

– Әке, мына өртті толық сөндіріп алайық та. Сосын бірге барармыз, – деді Ильдар, қолтығындағы күйе басқан ағаштарды жерге тастап жатып.

– Жоқ, балам. Анаң телефонға жауап бермейді. Үйге де соқтым, ұялы телефоның да көтермейді...

– Не болды екен? Ауырып қалмаса жарар еді. Жақсы, әке. Мен үйге барып келейін.

Ильдар жүгіре басып үйге кетті. Бұл отбасының осы шағын ауданда екі үйі бар. Бірі көпқабатты үйдегі екі бөлмелі пәтер. Екіншісі мынау жанған қораның жанындағы жер үй. Мал өсіріп, бордақыласақ деген ниетпен салған қораның күлі көкке ұшқанына Ильдардың іші ұдай ашып келеді. Ол баспалдақпен жоғары көтерілді де есіктің қонырауын басты. Әдетте анасы есікті ашатын. Ал әлдене істеп, есікке жете алмай қалса «Келе жатырмын!» деп дауыстаушы еді. Бұл жолы үн жоқ. Ильдар қонырауды бірнеше рет басып, есік алдында бөгеліп қалды.

Ақыры күйе қолын шалбарының қалтасына салды да өзінің кілтін іздей бастады. Есікті ашып ішке кірсе үйдің іші жау шапқандай шашылып жатыр.

– Мама, – деді Ильдар дауыстап.

Үн жоқ. Жалма-жан дәретхана мен жуынатын бөлмеге барды. Ешкім жоқ. Тек ас бөлменің есігі жабық тұр екен. Ашқан бетте еденде сұлқ түсіп құлап жатқан анасын көріп қалай бақырып жібергенін өзі де байқамай қалды. Ес-түссіз жатқан анасының аузы желімбаумен (скотч) жабыстырылған. Екі қолы артқа қайырылып байланған екен. Ильдар дереу аузындағы желімбауды жұлып алды. Айналасына бажайлап қарап қояды. Ешкім жоқ, анасының өлі не тірі екені де белгісіз. Бетінен ұстап, кеудесіне басын қойып көрді. Денесі жылы секілді. Жедел жұдыр шақырмақ болып, телефонның қолына алып еді сасқан кезде қысқа нөмір де есіне түспей, қол-аяғы дірілдеп, абдырап қалды. Сәлден соң өз-өзіне келіп

дәрігерлерге хабарласты. Артынша полициямен де тілдесті. «Әкем бірденені сезген екен». Анамды үйге жалғыз қалдырмауымыз керек еді», – деп бір жағынан өздерін де кінәлап қояды.

Із кесу

Аздан соң аядай пәтер ақ киімді адамдар мен полицияға толып кетті. Жерде көгеріп жатқан адамды көргенде тәжірибесі жоқ екі медбике қыздың көздері шарасынан шығып, орындарынан шоршып түсті де, қозғалысыз қалған. Тек көпті көрген егде жастағы еркек дәрігер ғана көздірігін нығарлай түсіп, бірден Нәдияның күре тамырын ұстады. Аузы мен көздерін ашып көрді де: «Өзірге тірі. Дерее ауруханаға апаруымыз керек. Уақыт өте тығыз!» – деді зембіл көтерген екі жігітке кезек қарап.

Аласа бойлы, мес қарын жедел уәкіл мықынынан төмен түсіп бара жатқан шалбарын бір көтеріп қойды да шарт-шұрт еткізіп оқиға болған орынды суретке түсіруге кірісіп кетті. Мұндай жайдың талайын көрген соң ба оның жүзінен соншалықты бір қорқыныш пен үрей байқалмайды. «Қарындас, әйтеуір текке тұрсың ғой. Жарықты жағып жіберші», – деді жан-жағына үрке қарап тұрған ұзын бойлы медбике қызды қолы жеткен жерінен түртіп. Ойы сан-саққа кетіп тұрған байғұс қыз қозғала алмай бір орында тапырақтап қалды. Дембелше жігіт криминалистерді де шақырған болуы керек. Сәлден соң сау етіп олар да келді. Келген бетте шегір көзді бойшаң сары жігіт жан-жағына тіміскілей қарап қасындағылармен әлденені талқылап тұр. Кенет оның көзі аузы қисайып ашық тұрған сейфке түсті.

– Үйдің иесі кім? – деді ол.

– Мен, – деді еңтігін баса алмай екі өкпесі сырылдап тұрған Арсен.

– Мына сейфтің аузы неге ашық тұр? Арсен ұянына қарады.

– Ол жабық тұрған еді, – деді Ильдар ашық тұрған темір сейфтің жанына жүгіріп барып. – Қап! Ішіндегісін түгел сыпырып кетті! Түк те қалдырмапты! Оңбағандар! – деді темір сейфтің ішіне үңіліп.

– Сейфте ақшадан басқа тағы да құнды заттар болды ма?

– Ақша болған.

– Қанша?

– 1 миллион 600 мың теңге.

– Оны қашан салып едіңіздер?

– Екі айдың жүзі болды.

– Ақшаның сейфте тұрғанын соңғы рет қашан көріп едіңіздер?

– Кеше таңертең қораның шатырын жабарда шифр алуға ақша жетпей қала ма деп осы жерден 50 мың теңге алғанмын. Бірақ сатып алған шифрмыз толығымен жеткілікті болған соң ақшаның бір тиынын да ұстамай кешкісін орнына қайтып әкеліп салып қойғанмын. Арсен қалтасын басты.

– Міне, мына қалтама салып әкелгенмін. Нәдияның ақшаны түйіп ал деп берген орамалы мына тартпада тұр, – деді Арсен қонетоз қол орамалды суырмадан алып жатып.

Сұңғақ бойлы сары сейфке жақындай түсті де мұқият қарай бастады. Кенет қасындағы көмекшісін ымдап шақырып:

– Есіктің жоғарғы бұрышында қан іздері байқалады. Сынама алу керек. Демек, қарақшының қолы есікке қысылып қалған болуы мүмкін. Өрі сейф есігінің жақтаулары майысқан, – деді екі көзін темір қораптан алмай қалалып.

– Иә, лом темірмен қопарып ашқан секілді. – деді ұзын сарының қасындағы көмекшісі сейфке шұқшия түсіп.

– Үйге бірінші болып кім кірді? – деді сұңғақ бойлы сары кері бұрылып.

– Мен кіргенмін! – деген Ильдар орнынан атып тұрды.

– Есік ашық болды ма?

– Жоқ. Есік жабық болды. Алдымен қонырауды бастым. Ешкім жауап бермеген соң өз кілтпен есікті ашып ішке ендім. Мен кіргенде үйдің іші тура осылай астан-кестен болып шашылып жатты. Ас бөлменің есігі жабық тұр екен.

– Түсінікті.

– Егер есік бұзылмаған болса, демек ұры алыстан келмеген болуы мүмкін...

– Неге олай дейсіз? Қылмыскердің есік қағып, апамды алдап соғып ішке енуі әбден мүмкін ғой, – деді Ильдар.

– Мақұл, солай-ақ болды делік, қарақшы шығарда есікті қалай жауып кетті?

Ильдар жалма-жан киім ілгіште ілініп тұратын анасының кілтін қарады. Орнында тұр.

– Иә, мырза, анамың кілті үйде екен.

Бұдан басқа үйде кілт жоқ, – деді басын сипап.

Күдік

Криминалистер өз міндеттерін атқарып сыртқа беттегенде күн еңкейіп қалған еді. Подъездің алдына шыққан ұзын сары шағын пәтердегі қапырық ауадан ауырған басын ұстап жан-жағына қарап тұрды да

кенет бұрышта тұрған қоқыссалғышқа көзі түсті. Қоқысқа жақындап келді де әбден мыжылған темекі қорабын жоғары көтерді. «Әйелдерге арналған темекінің қорабы. Сырты қанға малынған. Демек бұл жаңағы қылмыскерден қалған айғақ зат болуы әбден мүмкін», – деп ойлады ол.

Көлікке отырған ұзын сары ойланып келеді. Егер қоқыстағы қорап қаскүнемдікі болса, ол ер адам болғаны ма, әлде әйел ме? Әйел адамның қолынан мұндай айуандық келе ме? Ол жағы әзірге жұмбақ. Ендігі үміт жәбірленушіде. Тірі қалып тілге келсе ұзын сарының жұмысы біраз жеңілдейін деп тұр. Әйтпесе, мына шым-шытырық оқиғаның анық-қанығы оңайлықпен белгілі бола қоюы екіталай.

Сол күні кешкілікте ұзын сары Арсен мен Ильдарды бөлімшеге шақырып, екеуімен жеке-жеке сөйлесті. Бес қабатты ескі үйдің маңында ешқандай камера орнатылмаған. Көршілердің де ешқайсысы оқыс оқиғадан бейхабар болып шықты. Әлденеге алаңдаған ұзын сары қолындағы сағатына бір қарап қойды да: «Өздеріңіз әлдекімнен күдіктенесіздер ме? – деді екеуіне бұрылып. Арсен басын шайқай беріп еді Ильдар әңгімеге араласты.

– Иә, мен бір адамдардан күдіктенемін.

– Ал айтыңыз. Олар кімдер?

– Біздің үйдің үшінші подъезінде ағайынды екі жігіт тұрады. Бірінің аты – Макс, інісі – Артур. Үлкені бұрын істі болып сотталған. Қателеспесем, қарақшылыққа қатысты айыпталған болуы керек. Екеуі де ішкілікке жақын жандар. Жатып ішер жалқау, қызыл көз қаскөйлердің нағыз өзі.

– Мақұл, солай болды делік. Олардан күдіктенудің әлдебір себебі бар ма? Әлде әншейін ішкі түйсігіңіз солай дей ме?

– Өткенде Макс пен сөзге келіп қалғанбыз. Дүкеннен бір шиша арақ алып бер дейді. Ал мен оны айтқанына көнбей қырсықтым. Біздің аудандағы балалардың барлығы оның айтқанын істейді. Істемесен де бәрі бір істетеді. Бірақ ол маған сол жолы ештеңе демеді. Тісін қайрап іштен тынып қала берген. Осы бәлекет ағайынды екеуден келгендей болып сезіледі маған.

– Мақұл. Біз істің анық-қанығын тексереміз.

Жаңа ілік

Сол күні полиция Артур мен Макс-тың есігін қақты. Екеуін бөлімшеге апарып сұрақтың астына алып көрген. Ағайындылар сыр берер емес. Тергеушілер екеуін қанша қинаса да қылмысты мойындаған жоқ. Өрі олардың қылмыс жасағандарына ешқандай дәлел де жоқ еді. Анықталған айғақ заттар да оларға тиесілі емес секілді.

Айтпақшы, сол күннің ертеңінде Нәдия есін жиған. Із қесушілерге өзінің ештеңе білмейтінін, қаскөйлердің үйге ұрланып кіргенін және өзіне қол жұмсаған адамның ұзын бойлы арықша келген жан екенін ғана айтқан. Артурдың дене бітімі жәбірленушінің айтқан адамына келетіндіктен полиция оларды тағы да бірнеше күнге уақытша тергеу изоляторына жапты. Арада үш күн өтті. Сараптама қорытындылары да дайын болды. Ағайындыларға қатысты өзге ешқандай да нақты айғақ табылмаған соң полиция күдіктілерді босатып жіберген. Ұзын сары санын соғып: «Босқа шығанданған қайран уақыт» деп қояды ішінен. Амалы таусылған ол тағы да Нәдия жатқан ауруханаға бет алды.

Ауруханаға түскен соң бір тәуліктен кейін есін жиған Нәдияның екі күннен кейін жағдайы қайта нашарлай бастаған. Қан қысымы аяқ асты көтеріліп, есінен танып қалған науқас тағы да жансақтау бөлімінен бір-ақ шықты.

Реанимация бөлімшесінің алдында Арсен мен ұлы арлы-берлі сенделіп жүр. Екеуінің қолынан жаратқанға жалбарынудан басқа сырттан келер емес. Ұзын сары оларды ешқандай бақылап тұрған. Кенет бойы орташадан төмен, жауырыны шығынқы арықша келген жас жігіт ішке енді.

Аллысбай ӘБДІЛҰЛЫ
(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанхмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жаная Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров
8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
8 701 385 72 75.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамдиев
8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №6 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31